

Адамға екі нәрсе тірек тегі:  
Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі.  
Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.



# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

*Казахский язык и литература  
в русской школе*

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ

«Білім және  
Ғылым»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
республикалық  
ғылыми -  
педагогикалық  
журналы

2001 жылдың  
қаңтар айынан  
бастап шығады

**7/2015 ШІЛДЕ**

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ

---

---

## **АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан  
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза  
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,  
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга  
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлнәш  
САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.*

## МАЗМУНЫ

<b>А.НУҒМАНОВА.</b>	<b>Туімді әдіс – баршаға ортақ</b> Қазақ тілін оқытуда компьютерді пайдаланудың дидактикалық мүмкіндіктері.....5	
<b>А.САКИЖАНОВА.</b>	Оқыту мен дамыту бағытындағы ойын технологиясы.....12	
<b>А.АБЕНОВА.</b>	<b>В мире педагогики</b> Использование модуля Кембриджской программы в планировании серии последовательных уроков «Новые подходы. Обучение тому, как учиться».....20	
<b>Ж.САДЫҚ.</b>	<b>Колледж кеңістігінде</b> Қазақ халқының салт-дәстүрлері.....30	
<b>А.МУКУШЕВА.</b>	<b>Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті</b> Абайдың қара сөздері.....40	
<b>Ж.ЖҮЛҚАШОВА.</b> <b>Б.ӘБІЛМӘЖІНОВА.</b>	<b>Білім сынағында</b> Нәтиже сабақ тапсырмалары.....45 Қазақ әдебиетінен 11-сыныпқа арналған тест сұрақтары.....70	
<b>А.ҚАНАШЕВА.</b> <b>Б.ТӨЛЕГЕНОВА.</b> <b>С.АХМЕТЖАНОВА.</b> <b>Р.БЕКЕШОВА.</b> <b>Ж.АМАНЖОЛОВА.</b> <b>Г.ОСПАНОВА.</b> <b>Б.АМАНГЕЛЬДИНА.</b>	<b>Әдістеме әлемінде: қазақ тілі</b> Қазақстан жері. ҚР елтаңбасы.....76 Сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілер.....82 Оқу құралдарым.....88 Сын есім. Жасалуы.....93 Көкөністер мен жемістер.....99 Жақты сөйлем.....105 Табиғатты қорғау – баршаның міндеті.....111	
<b>К.БАТЫРҒАЛИЕВА.</b> <b>Г.ХАМЗИНА.</b> <b>Т.МҰҚАШЕВА.</b>	<b>Қайталау – оқу анасы</b> Қос сөзді қайталау.....118 Етістікті қайталау.....125 Жай сөйлемді қайталау.....129	
<b>А.КАДРУШЕВА.</b> <b>Н.БЕЙСЕМБАЕВА.</b>	<b>Бастауыш білім бағанасы</b> Жазда.....135 Қазақстанның қалалары.....140	

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>А.НУҒМАНОВА.</b>	<b>Универсальная модель и методы эффективного обучения</b> Использование возможностей компьютера в обучении казахскому языку .....5
<b>А.САКИЖАНОВА.</b>	Игровая технология как средство развития в обучении .....12
<b>А.АБЕНОВА.</b>	<b>В мире педагогики</b> Использование модуля Кембриджской программы в планировании серии последовательных уроков «Новые подходы. Обучение тому, как учиться» .....20
<b>Ж.САДЫҚ.</b>	<b>Образовательное пространство колледжа</b> Обычаи и традиции казахского народа .....30
<b>А.МУКУШЕВА.</b>	<b>В мире методики: казахская литература</b> «Слова назидания» Абая .....40
<b>Ж.ЖУЛКАШЕВА.</b> <b>Б.АБИЛМАЖИНОВА.</b>	<b>Проверочная работа</b> Задания для итогового урока по изученной теме .....45 Тест.....70
<b>А.ҚАНАШЕВА.</b> <b>Б.ТӨЛЕГЕНОВА.</b> <b>С.АХМЕТЖАНОВА.</b> <b>Р.БЕКЕШОВА.</b> <b>Ж.АМАНЖОЛОВА.</b> <b>Г.ОСПАНОВА.</b> <b>Б.АМАНГЕЛЬДИНА.</b>	<b>В мире методики: казахский язык</b> Казахстан. Герб РК .....76 Знаки препинания в предложениях .....82 Мои учебные принадлежности .....88 Способы образования прилагательных .....93 Овощи и фрукты .....99 Личные предложения .....105 Охрана окружающей среды .....111
<b>К.БАТЫРҒАЛИЕВА.</b> <b>Г.ХАМЗИНА.</b> <b>Т.МУКАШЕВА.</b>	<b>Повторение – мать учения</b> Повторение пройденного о сложных словах .....118 Повторение изученного по теме «Глагол» .....125 Повторение синтаксиса простого предложения .....129
<b>А.КАДРУШЕВА.</b> <b>Н.БЕЙСЕМБАЕВА.</b>	<b>База знаний – начальная школа</b> Летом .....135 Города Казахстана .....140

## CONTENT

<i>Universal model and methods of effective training</i>	
A.NUGMANOVA.	Using the opportunities of the computer in teaching the Kazakh language .....5
A.SAKIZHANOVA.	Game technology as a development tool in training .....12
<i>In the world of pedagogic</i>	
A.ABENOVA.	Using the module of Cambridge program series in planning consecutive lessons New Approaches.Learning how to learn” .....20
<i>Educational space of college</i>	
ZH.SADYK.	Customs and traditions of Kazakh people .....30
<i>In the world of a technique: Kazakh literature</i>	
A. MUKUSHEVA.	“Words of Edification” of Abay .....40
<i>Test work</i>	
Zh.ZHULKASHEVA.	Tasks for a final lesson of the studied theme .....45
B.ABYLMAJINOVA.	Test.....70
<i>In the world of technique: the Kazakh language</i>	
A.KANASHEVA.	Kazakhstan. The emblem of Kazakhstan .....76
B.TOLEGENOVA..	Punctuation marks in sentences .....82
S.AHMETZHANOVA.	My school supplies .....88
R.BEKESHOVA.	Ways of formation of adjectives .....93
ZH.AMANZHLOVA.	Fruits and Vegetables .....99
G.OSPANOVA.	Types of sentences .....105
B.AMANGELDINA.	Environmental protection .....111
<i>Practice makes perfect</i>	
K.BATYRGALIYEV	Repetition of compound words .....118
G.HAMZINA.	Repetition the theme “Verb” .....125
T.MUKASHEVA.	Repetition of syntax of a simple sentence .....129
<i>Knowledge Base in primary school</i>	
A.KADRUSHEVA.	In the summer .....135
N.BEYSEMBAYEVA.	Cities of Kazakhstan .....140

*Туімді әдіс – баршаға ортақ*

**А.НҮҒМАНОВА,**  
**№14 жалпы орта білім**  
**беретін мектеп.**  
Батыс Қазақстан облысы,  
Орал қаласы.

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА КОМПЬЮТЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы.

Педагогикалық технологиялар – білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің жиынтығын құрайды. Мысалы: оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттері, мазмұны, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері оқушының дамуына жағымды жағдайлар туғызады.

Мұғалім үшін басты міндет – оқушының қызығушылығын арттыру, оның дамуына

жағдай туғызу, сөйлеу қабілетін дамыту. Жаңа технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану оқыту мақсатына жетудің тиімді жолдарын көрсетеді. Оқытудың жаңа әдістерін пайдалану арқылы мұғалім оқушының белсенділігін, шығармашылық ізденісін арттырады, пәнге деген қызығушылығын оятады. Қазіргі оқыту барысында қолданылып жүрген көптеген технологиялар жеке тұлғаның жетілуіне, оқытудың тиімділігінің негізін құрауға бағытталған. Әр ұстаздың жаңа технологияны дұрыс пайдалана білуі – өзінің негізгі мақсатын айқын көре алуына және үнемі ізденіс үстінде болуына жол ашады. Оқыту барысында қолданылатын ең озық, тиімді технологиялар тәжірибеге енгізілуде.

Қазіргі заман талабы – өзін-өзі басқара алатын, жан-жақты дамыған, мемлекеттік тілді жетік білетін дара тұлға тәрбиелеу.

Сабақта бұл мәселені шешу жолдарының бірі – әр түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана отырып, жаңа технологияларды енгізу. Қазір технологиялардың түрлері көп:

1. М.М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы»;
2. Ж.Қараевтың «Дамыта оқыту технологиясы»;
3. Қ.Бітібаеваның «Жаңа тақырыпты меңгеру технологиясы»;
4. Ә.Жүнісбековтың «Үндесе оқыту технологиясы»;

5. Деңгейлеп оқыту технологиясы.

6. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы.

7. Компьютерлік технология.

Сабақтарымызда жиі қолданып жүрген бірнеше жаңа технологиялардың ішінен ақпараттық технологияның, оның ішінде компьютерді пайдаланудың дидактикалық мүмкіндіктеріне тоқталғым келеді.

*Қазақ тілін оқытуда компьютерді пайдаланудың дидактикалық мүмкіндіктері ретінде мынадай ерекшеліктерді көрсетуге болады:*

- оқу ақпаратын жеткізу формаларын саралайды, көрнекілік дәрежесін көтеріп, ұғымдарды, құбылыстарды нақтылайды;
- қабылдауды ұйымдастыру және бағыттау тиімділігі жоғарылайды;
- оқушының танымдық жиегін байқап, олардың қызығушылығын арттырады;
- оқушылардың оқу ақпараттарына эмоционалды қатынасын қалыптастырады;
- оқушылардың оқуға деген ынтасын жаңа конструкциялар, технологиялар қолдану арқылы арттырады;
- оқушылардың материалды саналы меңгеруіне, байқампаздығын дамытуға ықпал етеді;

- білімді қайталау, жалпылау, жүйелеу және бақылау құралы болып табылады;

- оқытудың неғұрлым тиімді формалары мен әдістерін тиімді пайдалануға, тұтас педагогикалық үрдістің негізгі үрдістері мен оқыту ережелерін (қарапайымнан күрделіге, нақтылыдан абстрактіліге) жүзеге асыруға жағдай жасайды;

- оқу ақпаратын нығыздау мен темпін жылдамдату есебінен оқу уақытын, оқушы мен мұғалім энергиясын үнемдейді. Осының барлығы компьютердің дидактикалық ерекшеліктері, атап айтқанда:

- ақпарат толыққандылығы;

- уақыт және кеңістік кедергілерін жоя білу мүмкіндігі;

- зерттелініп отырған құбылыстардың мәніне терең бойлау мүмкіндігі;

- зерттелініп отырған құбылыстарды дамыта көрсету мүмкіндігі;

- көркемдік тәсілдердің айшықтылығы, сезімталдығы.

Компьютерді техникалық құрал ретінде қолдану мазмұны, сипаты және материал күрделілігі, жас ерекшелігіне сай, оқу және тәрбие үдерісінен алатын орны (жаңаны қабылдауға даярлау, жаңа ақпарат беру, жалпы мазмұн немесе ұғымдар мен пайымдар жүйесі, алынған білім, іскерлік, дағдыларды бекіту,

жалпылау немесе меңгеруін тексеру) арқылы сипатталатын мақсаттылық арқылы жүзеге асады.

*Қазақ тілін оқытуда компьютерді қолданудың педагогикалық аспектілері.*

Тілдің қарым-қатынас қызметі байланыстырып сөйлеумен тікелей қатысты. Өйткені, тіл арқылы қарым-қатынас жасау байланыстырып сөйлеу арқылы ғана жүзеге асады. Ал байланыстырып сөйлеуге үйрету тілдік материалды оқыту, оқушылардың сөздік қорын молайту, ауызша және жазбаша сауатты сөйлей әрі жаза білу, тілдің грамматикалық құрылысын, яғни, грамматиканы оқыту арқылы жүзеге асады.

Егер бастауыш сынып оқушылары үшін көрнекіліктер өте үлкен рөл атқарса, орта буын сыныптары оқушыларының қызығушылықтары жан-жақты бола бастайды. Көрнекілікті Я.А.Коменский «дидактиканың алтын ережесі» деп атаған.

Оқытудың техникалық құралдары еске сақтауды қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Олар алынған білімнің жарқын, маңызды сәттерін ажырата отырып, ұғымның бекітілуіне ықпал етеді, мәтіннің логикалық мазмұнын түсініп, оқылған материалды жүйелеуге мүмкіндік береді.

Мақсаттары мен міндеттеріне қарай оқытушы компьютерлік бағдарламаларды көрнекілік, кеңес беруші, тренажер-бағдарламалар, оқытып бақылау бағдарламалары деп қарастыруға болады.

Ойын бағдарламалары оқу мотивациясына, шығармашылық ойлауға жағымды әсер ете отырып, бастаманы көтермелейді, өз қызығушылықтарын ортақ мақсатқа бағындырып, бірлесе іс-әрекет жасауға жұмылдырады. Ойын оқу пәнінің тар шеңберінде қалып қоймай, салалас пәндер мен нақтылы практикалық білімін арттыруға ықпал ететіні белгілі. *Қазақ тілі сабағында компьютерді оқыту құралы ретінде қолданудың тәсілдері де әр түрлі:* барлық топпен де, кіші топтармен де, жеке оқушылармен де жұмыс жүргізуге болады. Бұл тәсілдер ақпаратты құралдардың жетіспеушілігінен емес, керісінше, дидактикалық мақсатты көздеуден пайда болды. Егер топта мұғалімнің компьютері болса немесе мұғалім ұжымдық жұмыс түрін ұйымдастырғысы келсе, онда мұғалім компьютерінің көмегімен жұмыс түрін ұйымдастыруына болады. Кейде мұндай ұжымдық жұмыс оқушылардың компьютерлерде жеке отырып, орындайтын тапсырмаларына қарағанда нәтижелі болуы да мүмкін.

Таным теориясы бойынша оқыту үрдісінде ең маңызды кезең – оқушылардың қабылдауын дұрыс ұйымдастыру, яғни, қабылдаудың айқындылығы оқытудың негізгі үдерісін құрайды. Ә.Исаев «Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері» кітабында қазақ тілін оқытудың жеті үрдісін көрсеткен:

1. Қазақ тілін оқытудың ғылымилық үрдіс-ұстаным.

2. Оқытудың шамаға лайықты жүйелілік үрдісі.

3. Оқытудың белсенділік, сапалылық үрдісі.

4. Жеке тұлғаны дамыта отырып, даралап, саралап оқыту үрдісі.

5. Қазақ тілінен берілетін теориялық білімді ұлттық рухани тәрбиемен, өмірмен байланыстыру үрдісі.

6. Көрнекілік үрдісі.

7. Оқушының білімге құмарлығын арттыру, өз бетінше жұмыс істеу үрдісі.

Заман талабына сай оқыту принциптері ізденуді, зерттеуді қажет ете береді. Оқытуда ақпараттық технология әдістерін қолдану, үрдістерді жүзеге асыра білу мұғалімнің шеберлігін, біліктілігін талап етеді.

Қорыта айтқанда, жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі:

- жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің интеллектуалды, кәсіби келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу үрдісін ұйымдастыруына көмектеседі;

- оқушылардың шығармашылық, танымдық қабілеттері дамиды;

- өз беттерімен жұмыстануға дағдыланады;

- мұғалімнің шығармашылығын шындайды.

А.САКИЖАНОВА,  
№5 жалпы орта білім  
беру мектебі.  
Павлодар қаласы.

## ОҚЫТУ МЕН ДАМУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Ойын – бұл қоғамдық тәсілді меңгерту мақсатында, ситуациялық жағдайда, бағытты түрде іскерлігін көрсететін, өзін – өзі басқаруын жетілдіретін іс-әрекет.

Ойын құрылымы белгілі бір мақсатқа оқу бағдарламасындағы тараулар бойынша, көрініске, мазмұнына және т.б. байланысты өтіледі. Сонымен қоса жаттығулар мен бірізділік ойындары пән ерекшелігін көрсетіп, оны салыстыруға, негізгісін алуға, жасанды немесе табиғи құбылыстарға деген көзқарасын тудырып, өзін-өзі ұстауға, жылдамдыққа үйретеді. Ойын сюжеттері сабақтың негізгісін алуға, оқу барысын жандандыруға түрлі білім элементтерін қабылдауға әсері мол. Орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту – бастауыш сыныптан бастап халқымыздың мәдениетін тани білуге, тілді үйренуге қызығушылықтарын қалыптастыруға бағытталады. Қазақ тілін оқытудың ұлттық дәстүрмен сабақтастығы тіл үйренушіні өз мемлекетін сүйеге, оның дәстүр-салтын құрметтей білуге игі ықпал жасайды.

Халықтың ұлттық ойындары – көп салалы, көп қырлы құбылыс, ұлттық мұраның бай қазынасының

бірі. Олар көңіл көтерудің, ойын-сауықтың, дене тәрбиесінің дамуына ғасырлар бойы игілікті әсер етіп келеді. Тек ойындық сала ғана емес, тәрбиелік мәні жағынан да дәл осындай сипатқа ие. Ұлы педагог В.А.Сухомлинский «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды» деген.

Қазақ тілін оқытуда ұлттық ойын түрлерін мынандай мақсаттарда қолданудың тиімділігі мол.

1. Алфавитті ұлттық ойындар арқылы дұрыс меңгерту.
2. Орфографияны ұлттық ойындар арқылы дұрыс оқыту.
3. Дұрыс оқыту дағдысын ұлттық ойындар арқылы қалыптастыру.
4. Лексиканы ұлттық ойындар арқылы меңгерту.
5. Грамматикалық құрылымды ұлттық ойындар арқылы меңгерту.

Оқушыларға оқу материалын жан-жақты терең ұғындыру үшін сабақта түрлі әдістер пайдалана білу қажет. Дұрыс қолданылған әдіс-тәсіл, ойын оқушылардың назарын аударумен қатар қызығушылығын, ынтасын да арттырады. Сондықтан тілді оқыту кезінде оқушыларға тақырыпты меңгерту үшін сабақты түрлендіріп, қызықты өткізу қажет. «Сабақ қызықты өту үшін не істеу керек?» деген сұрақ туындайды. Ол үшін ойын тәсілдерін қолданамыз. Соның ішінде қазақ ойындарының алатын орны ерекше. Ойын ойната отырып, біріншіден, оқушылар тілді үйренеді, екіншіден, қазақ халқының салт-дәстүрін, тұрмысын, мәдениетін тани бастайды.

Ойын технологиясында жекелей ойындар немесе тек ойын элементтерін енгізу – мұғалімнің қалауы.

Ойынның атқаратын қызметі:

- Көңіл аулау (негізгі атқаратын міндеті – көңіл көтеру, жандандыру, қызығушылығын арттыру).

- Коммуникативтік: сөйлеу тілін ұстарту.

- Ойын терапиясы: өмірде кездесер түрлі қиындықты жеңу жолдарын көрсетеді.

- Диагностикалық: қалыпты тәртіптен ауытқуды табу, ойында өзін-өзі тануға көмектесу.

- Әлеуметтік: адамдарды қарым-қатынас нормаларына бейімдеу.

Ойындардың өзіне тән төрт басты ерекшелігі бар. Бұл іскерліктің шығармашылық жағы, көңіл-күйдің жоғарылауы.

Ойын мазмұнындағы тікелей және жанама шарттар бойынша уақытша болса да оны логикалық бірізділікпен дамыту.

Педагогикалық ұйымдастыру үрдісі кезінде әр түрлі ойындар өткізу арқылы «Педагогикалық ойын технологиясы» туралы түсінік кіргізіліп, жеткілікті және кең түрде, түрлі топтың әдістері мен тәсілдері қалыптасқаны белгілі.

Жалпы ойындарға қарағанда педагогикалық ойындардың өзіндік ерекшелігі басым болғандықтан, оқу жүйесінде нақты мақсат қойылғандықтан, педагогикалық нәтиженің негізі қаланып оқудың танымдық бағыты айқындалады. Оқыту барысында ойын түріндегі сабақты өткізу үшін түрлі тәсілдердің көмегімен ситуациялық жағдай туғызу қажет, бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын

арттырып, іскерлігін жандандырады. Сабақ үстінде ойын тәсілдерін пайдалануда мынандай негізгі бағыттар ұсынылады:

1. Дидактикалық мақсат – тапсырма оқушылар алдына ойын түрінде беріледі.

2. Оқу барысы ойын шартына бағынады.

3. Оқу материалы оның негізгі қажеттілігіне: сабақтағы іскерлік, ойындағы жарыс элементіне кіріп, дидактикалық жүктемені айналдырады.

Дидактикалық тапсырманың табысты орындалуы ойын нәтижесіне байланысты. Оқыту барысында бұл сабақтардағы ойынның техникалық орны мен рөлі, ондағы ойын элементтерінің сәйкес, қабысып келуі көбінде мұғалімнің педагогикалық ойындарға деген өзіндік түсінігі мен біліктілігіне байланысты.

Ең бірінші ойын түрлерін атқаратын қызметіне байланысты физикалық (қозғаушы), интеллектуалды (ойландыратын), еңбектендіруші, әлеуметтік және психологиялық деп бөлуіміз қажет. Педагогикалық үрдісте өзіндік қасиетімен ойындар келесі топтарға бөлініп, ерекшеленеді:

а) үйретуші, жаттықтырушы, бақылаушы, тіл дамытушы;

ә) танымдық, тәрбиелік, дамытушылық;

б) шығармашылық, нәтижелі;

д) коммуникативтік, диагностикалық, психотехникалық анықтаушы;

Педагогикалық ойындардың өзіне тән әдістері өте көп. Біз пайдаланып жүрген негізгі түріне мыналар жатады: пәндік, сюжеттік, рөлдік, иммитациялық, драмалық ойын болып табылады.



Пәнге байланысты ойындар мектеп тәртібіне лайықтылығымен ерекшеленеді. Сонымен бірге ойын технологиясы белгілі бір ортада өзіне тән ерекшелігімен көрініп, ойынды түрлі затпен, затсыз, бөлмеде, сыныпта, көшеде, компьютермен, т.б. түрлі қозғалыс жүйелерінде айқындайды. Ойынды өткізуде оны жалпы, топтық, жекелей немесе жекеше деген түрлерге бөледі. Орыс мектептерінде «фонетика, графика, айту немесе дұрыс жазу» тарауларында пайдалануға болатын ойын түрлеріне тоқталып өтейік: 1. Иммитативтік және жүргізушіге еліктеу ойындары. 2. Фонетикалық ойындар. 3. Орфографиялық ойындар. 4. Лексикалық ойындар. 5. Грамматикалық ойындар. 6. Рөлдік ойындар.

Имитативтік және жүргізушіге еліктеу ойындары.

Бұл қарапайым ойында мұғалімнің сөйлесуіне еліктеу арқылы дыбыс, буын, сөздерді айту. Дұрыс сөйлету мақсатында ойнатылатын бұл ойынның негізгі тәсілі мақал, мәтел, жаңылтпаш, өлең жаттау. Ойынның бұл түрінің негізгі мақсаты: мәтін бойынша немесе дұрыс айту мәнерін байланыстыра сөйлеу кезінде қалыптастыру.

Ойын барысы: тақтаға өлең немесе жаңылтпаш, т.б. жазылады. Оқытушы өзі оқиды. Содан кейін әр сөздің мағынасына түсінік береді, айтылуы қиын дыбыстарға ерекше назар аударылады. Балаларға бірнеше рет оқыту. Тақтадағы мәтінді жауып, оқушыларға есте қалғандарын айтқызу. Қатесіз айтқан оқушыға ұпай, ал қатесі бар оқушылардан бір ұпай алынып отырады.

Фонетикалық ойындар.

Қазақ тілінде сауат ашу жұмысы дыбыстық жүйемен, яғни, қазақ тіліндегі дыбыстарды сапалы түрде меңгерту, жаңа сөздерді буынға бөліп оқуға негізделіп, дұрыс оқумен ұштастыра жүргізіледі. Оқу басқа тілде жүргізілетін мектептердің оқушыларына қазақ тіліндегі дыбыстарды таныстыру ауызекі тілде сөйлесу сабағынан басталады. Оқушыларға негізінен қазақ тілі дыбыстарының айтылуы, жасалуы, жазылу ерекшеліктері баяндалады. Қазақ тіліндегі дыбыстарды оқыту аналитикалық жолмен жүргізіледі. Жаңа дыбысты, әріпті оқыту, үйрету анализден синтезге, яғни, жалқыдан жалпыға, дыбыстан сөзге ауысып, сатылап отырады. Жалпы сауат ашуда дыбыстық жүйенің басқа әдіс-тәсілдерге қарағанда әлдеқайда ұтымды екендігі тәжірибеде дәлелденген. Сондықтан қазақ тілі дыбыстарын үйрету үшін де осы дыбыстық әдісті қолдану тиімді. Бұл әдісті іске асыру үшін мына қағидаларды басшылыққа алған жөн: 1. Оқушылардың көзі мен қолын әріп элементтерінің жазылуына үйрету; 2. Балалардың есту қабілетін сөздегі жеке дыбыстарды ажырата білуге баулу.

Мақсаты: балаларды сөздердегі бірінші немесе соңғы дыбыстарды анықтауға, берілген дыбыстардан сөздер құруға, үш-төрт дыбыстардан құралған сөздерді оқытуға жаттықтыру. Ойынның барысы: берілген сөздегі ең бірінші, екінші, үшінші, т.с.с. дыбыстарын анықтау қажет. Осы дыбыстар арқылы жаңа сөздер құрастырады. Сөздер дұрыс құрылған жағдайда, заттың бейнесі (суреті) шығады.

«Пирамида тұрғызу» ойыны.

Мақсаты: балаларды сөздерде неше буын бар екенін анықтауға жаттықтыру.

Ойын барысы: суреттер бойынша пирамида тұрғызу. Пирамиданың төменгі жағына төрт буыннан тұратын суретті қоюымыз керек, екінші қатарға үш буыннан тұратын сөз, ал үстінгі қатарға бір буыннан тұратын сөзі бар суретті орналастыру қажет.

Орфографиялық ойындар.

Орфографиялық ойындарды лексикалық материалды өтуде орфографиялық заңдылықтар туралы түсініктерін дамыту және тексеру үшін өткізуге болады. Орфографиялық ойындарға мынандай ойындар жатады: «Шашылған әріптер», «Әріпті қой», «Сиқырлы алма», т.б. осы ойындардың негізгі мақсаты: сөздердегі дыбыс сәйкестігін таба білуге үйрету, оқушыларды сауатты жазуға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту.

Лексикалық ойындар.

Лексикалық ойындар лексикалық тақырыпты өту және бекіту кезінде қолданылады. Бұл ойындардың негізгі мақсаты: сөз таптарын қайталау.

Рөлдік ойындар. Соңғы жылдары тіл үйренушінің мамандығына қарай бейімдеп оқытуға талап та, сұраныс та көбейіп келеді. Осыны ескере отырып, тілді үйрету үрдісіндегі ең белсенді әдістемелік тәсілдердің бірі – рөлдік ойын екенін айтқымыз келеді. Рөлдік ойындар белгілі талаптарға жауап беруі қажет. Ол талаптардың ескірмейінше табысқа жетуі мүмкін емес. Негізгілерін атап шығайық:

1. Рөлдік ойындар оқушылар үшін пайдалы, қызықты болуы қажет, тапсырманы жақсы орындау

үшін қызығушылық пен ынта тудыруы тиіс;

2. Рөлдік ойындар шынайы кәсіби қатынастық жағдайлар негізінде өтілуі тиіс;

3. Рөлдік ойын мазмұны мен құрылысы жағынан жақсы дайындалуы, нақты ұйымдастырылуы қажет. Оқушылардың өздері рөлді қабылдаудың қажеттігіне сенімді болуы қажет. Өздері рөлге кірісіп кеткенде ғана ойыннан нәтиже шығады;

4. Рөлдік ойын жұмыстың қажетті, қызықты және тиімді түрі ретінде бүкіл топ арқылы қабылдануы тиіс;

5. Рөлдік ойындар жақсы шығармашылық қарым-қатынаста өткізіліп, қатысушылардың қуаныш, қанағаттану сезімдерін оятуы тиіс. Рөлдік ойын барысында оқушылар өздерін еркін сезінген сайын қатынаста ынталы бола түседі және уақыт өте келе оның бойында берілген рөлге шыға алатындығына, өз күшіне сену сезімі пайда болады, яғни рөлдік ойынға қатыса отырып, оқушылар бірте-бірте өзінің болашақ мамандығының негізін шеберлікпен игере бастайды.

6. Ойынды белсенді тілдік қатынаста оқушылар өтілген тілдік мәліметті барынша тиімді пайдалана алатындай дәрежеде құрғаны жөн;

7. Рөлдік ойында оқытушы биік тұлға болмауы қажет.

Ойын әдістері мен тәсілдері арқылы оқушыларға жан-жақты білім бере отырып, оларды тәрбиелейміз. А.С.Макаренко еңбек пен ойынның ұқсас жақтары бар деп айтқан. «Әр жақсы ойында жұмыс әрекеті, сонымен қатар ой әрекеті де бар. Іс-әрекетсіз ойналған ойын ойын емес» деген А.С.Макаренко.

А.АБЕНОВА,  
Иртышская средняя школа №3.  
Павлодарская область,  
Иртышский район.

## **ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МОДУЛЯ КЕМБРИДЖСКОЙ ПРОГРАММЫ В ПЛАНИРОВАНИИ СЕРИИ ПОСЛЕДОВАТЕЛЬНЫХ УРОКОВ «НОВЫЕ ПОДХОДЫ. ОБУЧЕНИЕ ТОМУ, КАК УЧИТЬСЯ»**

*Цель обучения ребёнка состоит в том, чтобы он мог обходиться без учителя.* Элберт Хаббард.

В моей статье я затронула модуль Кембриджской программы «Новые подходы. Обучение тому, как учиться». Несмотря на то что идеи, рассматриваемые во всех семи модулях, по сути, являются новыми подходами в преподавании и обучении, лишь «Обучение через диалог» и «Обучение тому, как учиться» позиционированы в Программе в статусе новых подходов, поскольку находятся в тесной взаимосвязи с идеей социоконструктивистской теории. Так как обучение и преподавание на основе диалога предполагает подход, при котором диалог между учениками, между учеником и учителем помогает учащимся самостоятельно формировать и развивать собственное мышление. «Обучение тому, как учиться» или процесс формирования

метасоснания согласуется с вопросами, касающимися того, как учащимся можно помочь понять и взять на себя ответственность за собственное обучение таким образом, чтобы они могли продолжить обучение самостоятельно.

**Ключевые слова:** модуль, Кембриджская программа, обучать.

Вся наша жизнь это большая школа, в которой мы продолжаем учиться от рождения до смерти. Каждую ситуацию, каждого человека, с которым мы встречаемся в жизни по праву можно назвать нашим учителем, и от того, насколько хорошо мы выучим их уроки, зависит наше благополучие. Обучение представляет собой не обособленное явление или навык, а целостный комплекс педагогических механизмов, повышающий способность обучающихся к обучению. Движущей силой «обучения обучению» является так называемое «метапознание». Иными словами, существует обучение. Но вместе с ним существует и обучение обучению. Люди способны мыслить, но также способны и думать о мышлении. Под «метапознанием» понимается способность отслеживать, оценивать, контролировать и изменять то, как индивид мыслит и учится. Обучение обучению можно охарактеризовать как процесс обдумывания самостоятельного обучения и сознательного применения результатов такого обдумывания в процессе последующего обучения. [1.138 стр.]

*Темой моего исследования является:* «Развитие метапознавательных способностей на уроках казахского языка». Все работы на уроках проходили

в групповой форме. «Ученики не обучаются изолированно. Сегодня существует актуальное понятие «Учебное сообщество», при котором и ученики, и учителя позиционируют себя как обучающиеся. В подобной среде обучающихся поощряется работа сообща, взаимоподдержка и командный дух. Они работают в группах, в которых внимание уделяется жестикеуляции, уважительному оппонированию, способности слушать. Это философия характеризуется взаимоуважением и развитием самоуправления, что необходимо для устойчивости в дальнейшем обучении; в итоге формируется независимая и мыслящая личность, способная обучаться на протяжении всей жизни». [1. стр.142] Как утверждает идея руководства, работа в группах помогает эффективной совместной деятельности, при которой совершаются различные действия: умение слушать друг друга, уважать друг друга и так далее.

В руководстве для учителя модуля «Обучение тому, как учиться» я определила основные идеи, изучение которых на своих уроках я считаю наиболее важным для достижения цели «формировать способы рассуждения по аналогии и анализа учебного материала», поставленной к теме моего исследования. Первая основная идея: «Метапознавательные способности дают обучающимся независимость в их обучении, и позволяют: различать понятия «запоминание» и «понимание» материала; анализировать материал и дифференцировать его по уровню сложности и степени концентрации внимания» [1. стр. 143]. И

на моих уроках к этой идее взаимосвязано идет вторая - «Как в паре, так и самостоятельно, ученики имеют возможность оценивать свой уровень образования и понимать, как они его достигли. Они оценивают себя и друг друга, что способствует более глубокому пониманию. Ученики знают свой уровень успеваемости и идут к последующей цели» [1. стр. 142]. Эти идеи доказывают, то, что мои учащиеся, работая как в группах, так и в парах смогут развить метапознавательные способности. Далее в серии последовательных уроков, можно проследить доказательства эффективности использования идей Программы.

На моем уроке №1 по теме «Мое любимое время года» была отражена такая ключевая идея: «на уроках ученикам предстоит активно участвовать во всех аспектах учебного процесса: они будут формулировать свои собственные гипотезы и вопросы» [1. стр. 139]. Данная идея была включена в такой вид деятельности, как стратегия предсказания, то есть ученики должны выйти на тему сами с помощью установленных мной подмогков. Такая стратегия нужна была для того, чтобы учащиеся учились выдвигать гипотезы, задавать вопросы, т.к. тема моего исследования - «развитие метапознавательных способностей на уроках казахского языка», то считаю, что ученики должны развивать эти способности, а именно формулировать гипотезы и вопросы, отслеживать, оценивать, контролировать, что неправильно изменять, т.е. корректировать. Поэтому именно стратегия предсказания является начальным этапом на

пути к развитию метапознавательных способностей. Этот прием также является саморегулируемым обучением. Игра на сплоченность класса «Строй», где дети легко и быстро строятся по росту, потом по цвету волос: от самого светлого, до самого темного. А теперь в алфавитном порядке по первой букве своего имени, но сделать это надо молча. Данная игра создает коллаборативную среду, создает дружескую атмосферу, сближает друг друга. В ходе этой игры был выявлен лидер. Ученики строились соблюдая правила т.е. с помощью жестов.

Стратегия «Ромашка» считаю эффективным доказательством моей исследуемой темы. Каждая группа вытягивает лепесток ромашки, где написано время года, описывают на казахском языке время года. Остальные группы отгадывают, какое время года. Учащиеся старались высказывать словосочетания, предложения. Это дало умение размышлять, анализировать.

На уроке №2 по теме «Моя любимая профессия» была отражена такая ключевая идея: «прочное усвоение материала достигается посредством учебного процесса, в центре которого находится ученик», [1. стр. 141]; «ученики не обучаются изолированно. В подобной среде поощряется работа сообща, взаимоподдержка и командный дух» [1. стр. 142], «соответственно, на уроках ученикам предстоит активно участвовать во всех аспектах учебного процесса: они будут формулировать свои собственные гипотезы и вопросы, консультировать друг друга, ставить цели для себя, отслеживать полученные

результаты, экспериментировать с идеями, рисковать, понимая, что ошибки - неотъемлемая часть будущего» [1. стр. 139, 140]. Данные идеи попытались найти свое отражение через стратегию «Предсказание», где ученики сами должны были выйти на тему и цели урока, учитель только направлял. Я считаю, что ученики неплохо справились с этим заданием, так как смогли сразу определить тему и цели урока, единственным барьером при рассуждении остается языковой барьер. В основном ученики говорили на русском языке. Также эффективным способом развивать метапознавательную способность является, на мой взгляд, беседа «Учитель-ученик», т.е. вид коммулятивной беседы. На данном этапе учащиеся размышляли, анализировали, делали выводы. На уроке №3 по теме «Мой любимый праздник» была отражена такая ключевая идея: «проверить и протестировать самих себя, определяя степень усвоения материала» [1. стр. 143], данная идея отображена в таком виде деятельности, как стратегия «собери букет»: учащиеся сами перевели слова, отработали произношение, после этого каждой группе нужно собрать свой букет из определенных для каждой группы растений. Данная стратегия направлена на то, чтобы развивать у учащихся навыки самостоятельной работы, а также тренировать память. Так как это задание было на время, от учеников требовалось работать быстрее, а значит слаженно, дружно - здесь тренируется самодисциплина и дети учатся соблюдать правила группы. Игра на сплочение «Выброс пальцев», когда ученики по

команде показывали, то или иное количество пальцев и говорили друг другу пожелание. Данная игра благоприятно действовала на детей. Ребята искренне желали друг другу приятные вещи: к примеру ученик с низкой мотивацией по имени Магамед, который никогда не проявлял интереса к окружающим, во время игры почти каждому желал здоровье, счастье. При этом снимался барьер замкнутости, страха. Пронаблюдав в ходе, за ребятами я заметила, что К.Карина и К.Нина которые считались замкнутыми, свободно говорили свое пожелание. Их пожелания были положительно восприняты. Здесь также для себя я сделала открытие того что ученики 6 класса очень доброжелательные, искренние.

Игра «Собери свой букет». Каждая группа учащихся получает индивидуальный конверт, в котором лежит разрезанная открытка. На каждом кусочке написано его название, в котором пропущено несколько букв. Учащиеся должны восстановить названия праздников, находящихся в конверте.

На уроке №4 по теме «Мои любимые вещи» были отражены такие ключевые идеи: «когда обучающиеся получают такие знания и способности, и это становится для них привычной философией, тогда их успеваемость повышается» [1. стр. 142], «метапознавательные способности позволяют анализировать материал и дифференцировать его по уровню сложности и степени концентрации внимания. [Руководство для учителя, стр. 143]. Эти идеи воплощаются и внедряются через приемы, и игры.

Наблюдалось анализирование, размышление, понимание. Беседа «Учитель-ученик», «Ученик-ученик» вид беседы исследовательский. Учащиеся в свободной беседе уверенно вступали в диалог друг с другом при разборе выбранного задания и способах его решения, что способствовало развитию понимания и воспроизведение связной речи учащихся, обогащению лексического запаса, культуры речи и культуры общения. Такой вид деятельности ученикам очень понравился, они научились самостоятельно говорить, обсуждать, аргументировать. Данная стратегия создает необходимые условия для выработки у учащегося умения самостоятельно мыслить, ясно выражать свою точку зрения, отстаивать свою позицию. При этом ученики учились размышлять на казахском языке. Развивали речь пусть не значительную, но были заметны улучшения.

Также на уроках проводила различные методы оценивания. В данной стратегии часто встречались барьеры, которые в дальнейшем я взяла на заметку с целью совершенствования данной стратегии.

Исходя из вышесказанного, считаю, что моя исследовательская тема «Развитие метапознавательных способностей на уроках казахского языка» на уроках была реализована. В дальнейшем, продолжу работу над развитием метапознавательных способностей, путем внедрения различных приемов критического мышления. Так как развитие именно, критического мышления, способствует умению анализировать.

### Библиография:

- 1 Руководство для учителя III. АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2012.
- 2 Rjan, R. M. & Deci, E.L. Продвижение самоопределяющейся школьной вовлеченности: мотивация обучения и благосостояния.
- 3 In K. R. Wentzel & A. Wigfield . New York: Routledge 2009, pp. 171- 196
- 4 Alexsander, R.J Toward Dialogis Teaching. Rethinking classroom talk [На пути к диалоговому обучению: новый подход к обсуждению в классе]. 2008
- 5 Merser, N The guided construction of knowledge: talk amongst teachers and learners [Получение знаний под руководством: беседы между учителями и учителям] 1995.
- 6 Barnes, D Язык и обучение в классе. Yournal of Curriculum Studies, 3(1), 1971, 27-38.

### АНДАТПА

Өз мақаламда сабақ үдерісінде Кембридж Бағдарламасының модулін ықпалдастыру жөнінде сөз қозғалды. Сыныпты топқа бөліп оқыту, ережеге, уақытқа бағыну, постер қорғату. Жаңа әдістер ретінде «Диалог арқылы оқыту», метасана немесе «Қалай оқу керектігін үйренуді» «Диалог арқыты оқыту» метасына немесе «Қалай оқу керектігін үйренуді» ғана қарастырдым, себебі олар әлеуметтік – сындарлылық көзқарасымен тығыз байланысты. Себебі, диалог негізінде оқыту мен оқу оқушылардың өзара сұхбаттасуы және мұғалім мен оқушы арасындағы

диалогтің шәкірттердің өзіндік ой-пікірін жүйелеуі мен дамытуына көмектесетін амал екенін меңзейді. «Қалай оқу керектігін үйрену» немесе метасана оқушыларға оқуды өз бетінше жалғастыра алатын білім жинау жауапкершілігін түсінуге және оны өз мойнына алуға қалай көмектесуге болатынын көрсетеді.

**Түйін сөздер:** модуль, Кембридж бағдарламасы, оқыту.

### Use of cantabrigian program unit in planning of series of successive lessons «New approaches. educating that, how to study»

In my article I affected Cantabrigian Program unit «New approaches. Educating that, how to study». In spite of that the ideas examined in all seven modules, in fact, are new approaches in teaching and educating, only “Educating through a dialogue” and “Educating that, how to study” positioned in Program in status of new approaches, as in close intercommunication with the idea of theory. Because educating and teaching on the basis of dialogue supposes approach at that dialogue between students, between a student and teacher helps students independently to form and develop the own thinking. “Educating that, how”, or the process of forming of comports with questions, touching that, how it is possible studying to help to understand and undertake responsibility for the own educating so that they could continue educating independent.

**Key words:** module, Cantabrigian program, to teach.

**Ж.САДЫҚ,**  
Көпсалалы-гуманитарлық колледжі.  
Қарағанды қаласы.

## **ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ- ДӘСТҮРЛЕРІ**

*(құқықтану орыс тобына арналған)*

**Сабақтың мақсаты:** студенттерге халқымыздың игі дәстүрлерін, ізгі қасиеттерін, инабаттылық, іскерлік дағдыларын, салт-дәстүрлерді бойларына сіңіру. **Міндеттері:** білімділік - студенттердің бойына қазақ халқының рухани байлығын сіңіру. Қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы білімдерін кеңейту, ұлтымыздың дәстүрлерінен үлгі, өнеге алу. Мәтінді құрастыра білуді жетілдіру, оқу үрдісінде сұрақтар арқылы өз бетімен және топпен жұмыс істеу; **дамытушылық** - ой-өрісін кеңейту, дүниетанымын, этика-эстетикалық талғамдарын, ойлау қабілеттерін арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Слайд жасау жұмысы арқылы шығармашылық қабілетін дамыту, танымдық белсенділігін арттыру, тілдік қорын молайту, алған білімін жаңа жағдайда пайдалана білуге баулу; **тәрбиелік** - қазақ халқының салт-дәстүрін қастерлеуге тәрбиелеу. Еліміздің озық ойлы, кең өрісті азаматын тәрбиелеп, өнегелі, өнерлі болып өсуіне ықпал ету. **Көрнекілігі:** компьютер, интербелсенді тақта, презентациялық слайдтар, қанатты сөздер, видеоролик, кәртішкелер. Пәнаралық

байланыс: орыс тілі, құқықтану, ән-күй. **Күтілетін нәтижелері:** орыс топтағы студенттер түсінуі тиіс. Қазақ салт-дәстүрлерін нығайту, мәтінді екі тілге аударуды, жекелік, топтық жұмыс түрлерін меңгеруі қажет.

Студенттердің құндылық бағдары:

Студенттің болашақ мамандығына байланысты міндеттері мен құқықтарының, жауапкершіліктерінің артуы.

Студенттер қазақ салт-дәстүрін әдет-ғұрыптан ажырата алуы, мәтіндерді екі тілде аударып, тәжірибеде қолданып, өтілген тақырыптар бойынша білімдерін, машықтарын пайдалана білуі қажет.

**Сабақтың тақырыбы:** «Қазақ халқының салт-дәстүрлері».

### **1. Ұйымдастыру кезеңі:**

- Сәлемдесу.
- Топтың сабаққа дайындығын тексеру.
- Сұрақтар арқылы үй тапсырмасын тексеру. Жобаларын қорғау, слайд бойынша жұмыс.

*«Тапқырлар – находчивые»;*

*«Ізденгіштер – любознательные» .*

**Қазақтың ұлттық тағамдары**

**Қазақтың ұлттық киімдері**

**Қазақтың ұлттық ойындары**

**Қазақтың ұлттық ыдыстары.**

II. Сабақтың мақсатымен және жоспарымен таныстыру.

- Құрметті оқушылар, ұстаздар!

**Біздің бүгінгі сабағымыздың тақырыбы:**  
**«Қазақ халқының салт-дәстүрлері».**



Ел дәстүрін білмесең,  
Жұрт айтады надан деп.  
Ата-бабам ардақты,  
Жамандыққа бармапты.  
Ардақ тұтып үлкенді,  
Ата жолын жалғапты.

Қазақ халқы – салт-дәстүрге өте бай ел. Бұл оның мәдениетті әрі тәрбиелі ел екендігінің айғағы. Салт-дәстүрлі ел – мықты, әрі түбі берік ел. Біздің халқымыз өз ұрпақтарына ғасырдан ғасырға ұлт қасиетін салт-дәстүрмен, әдепті ырым, тыйыммен тәрбиелеп, ұлағатты ұл, инабатты қыз өсірген. Әрбір халықтың өзіне тән ұлттық дәстүрі болған. Қазақ халқының да өзіне лайық қадір-қасиеті бар.

Көптеген ғасырлардың барысында қазақтардың өзіндік бірегей әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері қалыптасты. Қазақтардың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері үй ішіндегі отбасылық және адамдардың өзге де топтары арасындағы, өзара қарым-қатынастарды қалыптастыруда үлкен рөл атқарды.

Н.Ә.Назарбаев өзінің халыққа ұсынған “Қазақстан-2030” ұзақ мерзімді еңбегінде Қазақстанның 8 артықшылығын көрсеткенде, соның біреуі “қазақстандықтардың байсалдығы мен төзімділігін, олардың кеңпейілдігі мен ақжарқындығын” атаған. Дәстүрді ұлықтау, ұрпақтар сабақтастығын сақтау – біздің парызымыз.

Эпиграф: *Жастарымыз біздің салт-дәстүрлерімізді көздің қарашығындай сақтай*

*алатындай өмір сүріп, айналадағыларды өздерінің дарындылық қасиеттерімен таң қалдыруға және қанаттандыруға, адамзаттық озық ойларын еркін меңгеруге бағытталулары керек.* Н.Ә.Назарбаев.

*Наша молодежь должна жить и вести себя так, что бы беречь, как зеницу ока, наши обычаи и традиции, восхищать и вдохновлять своим талантом всех окружающих, свободно ориентироваться в звездном небе передовой мысли человечества.*

Н.А.Назарбаев.

1. Салт-дәстүр дегенді қалай түсінеміз?

2. Әдет-ғұрып дегенді қалай түсінеміз?

Дәстүр – латынша жапсыру, жалғастыру - тарих барысында қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отыратын әдет-ғұрыптар, салт-сана, қоғамдық тәртіп, заң, мұрат пен игілік, мінез-құлық қалыптары және өнегелі өнер болып табылады.

Әдет-ғұрып – дәстүрге айналған, жалпыға бірдей қалыптасқан, әр этносқа тән ортақ тәртіп, салт-сана.

«Қазақтар – әдет-ғұрып, салт-сана, тіл жағынан біртұтас». (В.В. Радлов)

«Ата салты – асыл қазына». (Мақал)

**Жаңа сөздер:** *Нәресте – новорожденный младенец; Аластау – изгонять; Дәстүр – традиция; Құндылық – ценность; Мұра – наследие; Бөлеу – пеленать; Тербету – укачивать; Ұя – гнездо; Кәде – подарок; Қадам – шаг; Ұрлық – воровство.*

Өлең. «Қазағымның дәстүрлері-ай!»

Слайдпен жұмыс. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері».

«Қыз ұзату» презентациясын көру.

Сахналық көрініс. «Тапқырлар – находчивые»  
«Қырқынан шығару» Савинова Марина.

Сахналық көрініс «Ізденгіштер – любознательные».

«Тұсау кесу» Роева Регина.

1. «Шілдехана» мәтінін орыс тіліне аударындар. «Тапқырлар – находчивые»

Дастарқан жайылып, жастар домбыра тартып, ән салып, ұлттық ойындар ойналады. Шілдехана думанды болса, сәби сергек, қызықты өмір сүреді деген сенім бар.

2. «Бесік тойы» мәтінін орыс тіліне аударындар. «Ізденгіштер – любознательные»

Халқымызда бесік – қасиетті, құтты мүлік, сондықтан ол сәбидің алтын ұясы болып есептеледі. Бесікті отпен аластап, баланы бөлейді, өйткені бұл – халқымыздың елеулі үлкен дәстүрі.

**Релаксация. Музыка.** В лесу.

**«ОПАСНЫЙ ПУТЬ ПРЕСТУПНОЙ ЖИЗНИ»**

*«Незнание закона не освобождает от ответственности»*

«Занды білмесең де, жауапкершіліктен босатылмайсың»

Подростковый возраст, пожалуй, самый активный период в жизни человека. Подростку кажется, что он все может и ему все можно. Оказывается, можно, но не все. Недостаток жизненного опыта, незнание уголовных законов, неумение контролировать себя в различных ситуациях приводит к нежелательным, а порой к печальным последствиям. Люди, в том числе и подростки, издавна совершали,

да и сейчас совершают противоправные поступки. Эти противоправные поступки называются правонарушениями.

**Правонарушения** – это нарушения норм права (*запись в тетради*).

*Правонарушение – құқық бұзу;*

*Проступок – жағымсыз әрекет;*

*Преступление – қылмыс.*

В чем разница между проступком и преступлением?

Кәртiшкемен жұмыс. «Тапқырлар – находчивые»

А) Ботагоз заняла от одного знакомого крупную сумму денег для покупки казахской национальной посуды, после чего скрылась. (преступление – мошенничество)

Б) Гүлмира, поругавшись с подругой, разрежала ее камзол с саукеле, в результате чего вещи оказались не пригодны.

(проступок – порча чужого имущества)

Кәртiшкемен жұмыс. «Ізденгіштер – любознательные»

А) Серик управлял машиной, подаренной братом за сүйінші, в нетрезвом состоянии. (проступок – нарушение правил безопасности на дороге)

Б) В городе Тараз, вооруженная пистолетами и автоматами, группа людей напала на граждан Киргизстана, участвующих на бәйге. (преступление – бандитизм)

Тест тапсырмасы (ауызша) «Тапқырлар – находчивые»

1. Салт-дәстүр сөзінің аудармасы:

а) разрезание пут; ә) традиции-обычай;

- б) праздник букваря; в) празднование дня рождения.
2. Әлди, әлди, ақ бөпем,  
Ақ бесікке жат, бөпем.  
Жылама, бөпем, жылама,  
Жілік шағып берейін... деген әнді қашан айтады?
- а) шілдеханада;  
ә) сәбидің тұсауын кескенде;  
б) сәбиді бесікке салғанда;  
в) қырқынан шығарғанда.
3. «Шілдехана» деген не?
- а) ұлттық ойын; ә) салт-дәстүр;  
б) тұрақты тіркес; в) бай сөз.
4. Қазақ отбасында кімді «қонақ» деп мәпелеп, өсірген? а) қызды; ә) ұлды;  
б) жиенді; в) кенже баланы.
5. Қайын жұртында күйеуге тартылатын сыбағалы ас не?
- а) бас; ә) төс; б) құйрық-бауыр; в) қабырға.
6. Мақалды жалғастыр. Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап ... . а) қыз өсер; ә) бала өсер;  
б) немеренің баласы; в) үлкен ұл.
7. Ата – ... а) әкенің әкесі; ә) ұлдың баласы;  
б) ұлдың әкесі; в) әкенің інісі.
8. Ұл баланы қырқынан 37, 39 күнде шығарады. Мұның себебін қазақ халқы қалай түсіндірген?
- а) ұл баланың қызға төлейтін қалың малы аз болсын деген ниет;  
ә) ұл бала қыз балаға қарағанда ширақ болатындықтан;  
б) бұл сандар қазақ халқы үшін сәтті сандар болғандықтан;

- в) тез ержетсін деген ниеттен.  
Тест тапсырмалары.  
«Ізденгіштер – любознательные»
1. «Бесікке салу» деген не?
- а) ұлттық ойын; ә) салт-дәстүр;  
б) тұрақты тіркес; в) мақал-мәтел.
2. Шашу сөзінің аудармасы.
- а) подарок, приносимый на торжества;  
ә) предания; б) традиция; в) обычай.
3. Қаз, қаз, балам, қаз балам,  
Қадам бассаң мәз болам... деген әнді қай тойда айтады?
- а) шілдеханада; ә) сәбидің тұсауын кескенде;  
б) сәбиді бесікке салғанда; в) сүндет тойда.
4. Қазақтың отбасылық тәрбиесін жүзеге асырушы тәлімгерлер:
- а) аға, әпке; ә) әке, ана, ата, әже;  
б) туған-туыс; в) ауыл адамдары әке, ана, ата, әже.
5. Бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлер:
- а) жарыс қазан; ә) беташар;  
б) отқа май құю; в) бесік тойы, қырқын беру.
6. Мақалды жалғастыр. Он үште ... .
- а) отау иесі; ә) сыншы;  
б) патша жасы; в) ақын.
7. Әже - ...
- а) әкенің әкесі; ә) ұлдың баласы;  
б) әкенің шешесі; в) көршінің тәтесі.
8. Қыз ұзатылғанда айтылатын жыр –
- а) қоштасу; ә) жар-жар;  
б) сыңсу; в) аталғандардың барлығы.

Мақал-мәтелдерді орыс тіліне аудару. «Тапқырлар – находчивые»

«Ер дәулеті – еңбек» («Богатство жигита – труд»).

«Жалқаулық аздырады, еңбек оздырады»

(«Труд прославляет, лень с пути сбивает»).

«Қолы қимылдағанның – тістері де қимылдар» («Руки поработают – зубам будет работа»).

«Отан – елдің анасы, ел – ердің анасы» («Родина – мать народу, народ – мать жигиту»).

Мақал-мәтелдерді орыс тіліне аудару. «Ізденгіштер – любознательные»

«Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» («Чем быть на чужбине султаном, лучше быть на Родине подметкой»).

«Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен бірге адас» («Лучше блуждать вместе с народом, чем находить дорогу одному»).

«Дос сыртыңнан мақтар, дұшпан көзіңе мақтар» («Друг хвалит за глаза, недруг в глаза»).

«Оқу – білім бұлағы, білім – өмір шырағы» («Учение – знания родник, знания – жизни светильник»).

#### IV. Қорытынды бөлім.

Нақыл сөздерге қайтып келейік.

«Қазақтар – әдет-ғұрып, салт-сана, тіл жағынан біртұтас». (В.В. Радлов)

«Ата салты – асыл қазына». (Мақал)

Адамның жарық дүниеге келгеннен бастап, оның есейіп, қартайып, ол дүниеге аттанып кеткенге дейінгі өмірі мен іс-әрекеті, басқалармен қарым-қатынастары салт-дәстүрден өзекті орын алады.

Оқушыларға айтар тілек:

Жақсыларға жақын бол,

Отбасыңмен тату бол.

Ата-анаңның көзі бол,

Сөнбейтін күннің нұры бол.

Кім болсаң да әйтеуір,

Бірліктің туын көтерер

Адамзаттың бірі бол,

Туған елдің ұлы, қызы бол!

#### V. Бағалау.

**VI. Үйге тапсырма.** Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын басқа халықтардың әдет-ғұрыптарымен салыстырып, қосымша материалдар жинақтау. Отбасы туралы 5-6 мақал-мәтелдер жазып келу.

	Жобаларын қорғау. Үй жұмысын тексеру	Сахналық көрініс «Қырқынан шығару»	«Шілдехана» мәтінін орыс тіліне аудару	Карточкамен жұмыс	Тест тапсырмасы	Мақал-мәтелдерді орыс тіліне аудару
«Тапқырлар – находчивые»						
Барлығы:						

	Жобаларын қорғау. Үй жұмысын тексеру	Сахналық көрініс «Тұсау кесер»	«Бесік тойы» мәтінін орыс тіліне аудару	Карточкамен жұмыс	Тест тапсырмасы	Мақал-мәтелдерді орыс тіліне аудару
«Ізденгіштер – любознательные»						
Барлығы:						

А.МУКУШЕВА,  
Х.Шаяхметов атындағы  
жалпы білім беретін  
орта мектеп.  
Павлодар облысы,  
Ақтоғай ауданы.

## АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ

(9-сынып)

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – оқушыларға Абайдың шығармашылығы мен өмірі жайлы деректерді қайталата отырып, қара сөздерін талдату, мағынасын, негізгі идеясын таныту, білімдерін тереңдету; **дамытушылық** – еркін сөйлей білуге, ойларын еркін жеткізе білуге, қарасөз мағынасын терең түсіне білуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – сөз мағынасын дұрыс түсінуге, имандылыққа, адамгершілікке, еңбекқорлыққа, адалдыққа тәрбиелеу. **Түрі:** талдау, зерттеу сабағы. **Әдісі:** сұрақ-жауап, іздену, талдау. **Көрнекілігі:** «Ақынның өмір бесігі» атты бұрыш, буклеттер, сызба-кестелер.

### Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру: а) Сәлемдесу; ә) оқушыларды түгелдеу; б) сабаққа дайындығын тексеру.

Оқушыларды 2 топқа бөлу. Топ басшыларына бағалау парағын беру. Сабақты бастамас бұрын, ойымызды жинақтап, бойымызды сергітіп алайық.

- Әрбір адам?

- Туысым, досым, жұрағат.
- Әрбір сабақ?
- Үйрену, ұғу, ұлағат.
- Әрбір ісім?
- Тірлік, тірек, адамдық.
- Әрбір сөзім?
- Шындық, бірлік, адалдық.

Үй тапсырмасын тексеру.

- Балалар, жан-жағымызға қарасақ, Абай әлемінен сыр шерткендей боламыз. Мына жерде көріп тұрғандарыңдай, сандықшалар бар. Өткен сабақтарда Абай мұражайынан бейнефильм көргенде осындай сандықшалар көзге түсіп еді. Жалпы өздерің айтындаршы, сандық, сандықша деген не? Онда не сақталады?

Абай ақын келешек ұрпаққа өлмес мұра қалдырды, сол мұра туралы осы сандықшадағы сұрақтарға жауап бере отырып білеміз, еске түсіреміз.

Жаңа сабақ.

Сабақты Абайдың «Бірінші сөзін» жатқа оқудан бастаймын.

«.....Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық: қылып жүрген ісіміздің бәрінің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын...»

Бұл оқыған үзінді Абайдың қай шығармасынан үзінді деп ойлайсыңдар? (Қара сөз).

- Дұрыс.

- Ендеше, біздің бүгінгі сабағымыздың тақырыбы не? (Қара сөздер).

- Дәптерді ашып, бүгінгі күнді, тақырыпты жазып қойыңдар.

- Бүгінгі сабаққа қандай мақсат қоясыңдар?

- Абайдың әндері бар, өлеңдері бар. Бірақ XIX ғасырдың 90 жылдары Абай өзінің ой толғаныстарын қарасөздермен жазған.

- Бірақ осы қара сөз жазудың үлгісін кімдерден алды? Соған тоқталып өтсек.

- Тақтада ілініп тұрған орыс әдебиеті өкілдерімен қысқаша таныстыра отырып, Абайдың орыс жазушысы Михаэлистің ақылымен осы Лермонтов, Пушкин, Крыловтың шығармаларын оқып, жақын танысуға кеңес береді. Пушкин мен Лермонтов та қара сөз жазған. Оны «Слова назидания» деп атаған.

- Абайдың қара сөздерінің жалпы саны қанша?

- Абайдың 45 қара сөзі бар.

- Абайдың қара сөздерінің өзіндік ерекшелігі бар. Сөйлемдері қысқа, мағынасы, терең, ғибрат беруді көздей құрылған.

Абайдың қара сөздерінің тақырып жағынан бірнеше топқа бөлуге болады.

Абайдың қара сөздерін зерттеп, тереңнен түсіне алу үшін мәтінмен жұмыс жасайық. «Ғылым» тобына «Бесінші қара сөз», «Талап» тобына «Отыз бірінші қара сөз» мәтінді мәнерлеп оқып, мәтінді жанрлық және стильдік ерекшелігіне қарай талдау.


Сергіту сәті. «Ханталапай» ойынын ойнату. Жеңілген топ Абайдың бір әнін орындайды.

Оқушылар Абайдың «Он жетінші» қара сөзіне инсценировка жасайды. («Он жетінші» қара сөзіне қойылым). Ортада ғылым, ақыл, жүрек, талап үшеуі таласып келеді.


«17 қара сөзін» көрініс ретінде көрдіңдер, енді осы мәтінді қысқаша тірек-сызбаға түсіріңдер.

Қарасөз мәтіндегі негізгі ойды тірек-сызба арқылы бейнелеу.

#### Он жетінші сөз



**Ж.ЖҰЛҚАШОВА,**  
**А.С.Макаренко атындағы**  
**№6 жалпы орта білім беретін мектеп.**  
 Батыс Қазақстан облысы,  
 Орал қаласы.



Абай қарасөздері неге тәрбиелейді? (Имандылыққа, адамгершілікке, адалдыққа). Бұған дәлел – Абай қара сөздерінің дінді уағыздайтын «Иман» журналында жариялануы. Тағы бір дәлел – мына суретте көріп тұрғанымыздай Меккеде Құнанбай салдырған мешіт. (Суретті көрсету)

Рефлексия. - Балалар, бүгінгі сабақта не білдіңдер? Қойған мақсаттарыңа жеттіңдер ме? Топ басшылары өз ойларын айтады, ой түйіні ретінде баға береді.

Бағалау. Бағалау парағын алып, топ басшысының бағасын ескере отырып, қорытынды баға шығару.

Үйге тапсырма: I деңгей а) 19 қара сөзін жаттау. ә) Тіл ерекшелігіне талдау. II деңгей. а) Жүректі биологиялық қызметін зерттеу. ә) Абай шығармаларынан жүрек сөзіне картотека теру.

Бағалау парағы


№	Оқушының аты-жөні	1-тап-ма	2-тап-ма	3-тап-ма	4-тап-ма	5-тап-ма	Топ бас-шысы	Мұға-лім

## НӘТИЖЕ САБАҚ ТАПСЫРМАЛАРЫ


### 1-модуль. Менің отбасым

#### 1. Сызбаны толтырыңдар.


а) Еріннің қатысына қарай



ә) Жақтың қатысына қарай



б) Тілдің қатысына қарай



#### 2. Ұяң, үнді, қатаң дауыссыз дыбыстарға басталатын сөздерді үш бағанға бөліп жазыңдар.

Демалыс, ата-ана, кенже, бақ, мереке, зейнеткер, қарындас, жексенбі, өзен, сабақ, Медеу, немере, пәтер, әке.

**3. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып жазыңдар.**

Ш...бере, м...рагер, жан...я, ін...м, к...ші, отбас...мыз, нем...ре, сі...лі, ...ке, қар...ндас.

**4. Сөздердің аудармасын табыңдар.**

жеке меншік	хозяин
кішіпейіл	завещание
үй иесі	скромный
өсиет	частный

**5. Сөз тіркестерін дұрыс құраңдар.**

біздің	демалыста
әжемнің	тұрады
ауылда	отбасымыз
жазғы	кенжесі
ұлдарының	үйіне

**6. Езулік дауысты дыбыстары бар сөздерді табыңдар.**

Үй, ұрпақ, әкем, балалар, шөбере, ақыл, жүрек, еңбек, ұл, баба.

**7. Берілген сөздердің антонимін табыңдар.**

Қарт-..., үлкен-..., араз-..., бай-..., еңбексүйгіш-..., мейірімді-...

**8. Буын үндестігіне бағынбайтын сөздерді теріп жазыңдар.**

Отбасымыз, әкемнің, заңгер, қарындас, емхана, өсиет, мұрагер, қайрат, еңбекқор, тұңғыш.

**9. Сызбаларға сәйкес сөздерді табыңдар.**

- а) ашық буын+бітеу буын;    ә) тұйық буын+ашық буын+ашық буын;  
б) ашық буын+бітеу буын+бітеу буын  
Бала, анам, мамандық, байлық, отбасы, кенже.

**10. Сөйлемді дұрыс құраңдар.**

Отбасымызбен әр бірге өткіземіз демалысты.

**2-модуль. Менің достарым**

Деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.

III деңгей

**1. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып жазыңдар.**

Абыздың дем...кпе с...рқаты болатын. Бір үйдің жанынан д...у қара т...бет шыға келді. Аблан жерден ш...бық алып, итке қарсы ұмтылды. Үлкендер Абланды қ...тқарып алды.

**2. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып жазыңдар.**

Назым мен Бейсенгүл-... ... , тату дос. Қашан көрсең де, ... .. Ойынды да бірге ойнайды, сыныпта да бір партада отырады. Екеуі ... .. көрген емес. Әрі кішіпейіл, әрі достықты ... .. екеуінің мінезі мен ісі басқаларға ұнайды.

Керекті сөздер: жұбын жазбайды, қабақ шытысып, қадір тұтатын, түйедей құрдас.

**3. Берілген сөздерді қазақ тіліне аударыңдар.**

Дружба, друг, товарищ, ценить, честный, вежливый, уважение, ровесник, характер, дружно.

II деңгей

**1. «Адал», «достық» сөздеріне фонетикалық талдау жасаңдар.**

**2. Берілген сөздердің синонимдерін табыңдар.**

Жолдас-... , жаман-... , бұтақ-... , ауру-... , үлкен-... .

**3. Сөйлемдерді дұрыс құрастырыңдар.**



Екі арасында адамның достық қалыптасады өзінен-өзі.

Достықтарын кейбіреулері өздерінің қадірлей алмайды.

Білуіміз керек достығымызды сыйлай.

I деңгей

**1. Берілген сөздердің антонимдерін табыңдар.**

Дос- ...

Нашар- ...

Үлкен -...

**2. «Достық» тақырыбына бес жолды өлең құрыңдар.**

Үлгі:

1 Дос

2 Адал, сенімді

3 Таныстым, кездестірдім, құттықтадым

4 Досымды туған күнімен құттықтадым.

5 Жолдас

**3. Мәтінді аяқтаңдар.**

Екі дос көше бойымен жайбарақат әңгімелесіп келе жатты. Оның біреуі Аблан да, екіншісі-Абыз... .

### 3-модуль. Мектеп өмірі

Бақылау сұрақтарына жауап беріңдер.

**1. Сөз дегеніміз не?**

**2. Сөз тіркесі дегеніміз не?**

**3. Сызбалар бойынша сөз тіркестерін құраңдар.**

Сын есім+зат есім; есімдік+зат есім; зат есім+етістік; сан есім+зат есім

**4. Сөйлем дегеніміз не?**

**5. Сөйлемдер айтылу мақсатына қарай қалай бөлінеді?**

**6. Тыныс белгілерін қойыңдар.**

а) Үйің мектептен алыс па

ә) Білім күні құтты болсын

б) Бейбіт-сыныптағы балалардың ең кішісі әрі нәзігі

в) Кітапты ұқыпты ұстандар

г) Еліміздің мектептерінде жаңа оқу жылы басталды.

**7. Сөздерді қазақ тіліне аударыңдар.**

Оснащаться, заседание, выпускник, ряд, пристрастие, школьный, тренер, произведение, сборник стихов, дежурный.

**8. Сөйлемді дұрыс құраңдар.**

Жас мектеп отырғызған бітірушілер ағаштарды.

**9. Білімге байланысты қандай мақалдар білесіңдер?**

**10. «Менің мектебім» тақырыбына диалог құрастырыңдар.**

### 4-модуль. Күз

**1. Жұмбақтардың шешуін табыңдар.**

1. Дөп-дөңгелек доптай,

Іші қызыл шоқтай.

Дәмін татып көрсең,

Одан дәмді жоқтай. (қарбыз)

2. Ақ шапанын үстінен

Алты ай бойы шешпейді.

Қара шапан үстінен

Алты ай бойы түспейді. (жер)

3. Ағайынды бәрі,  
Шықса - жасыл,  
Түссе – сары. Бұл не? (жапырақтар)

4. Кім бар сәбіз шырынын  
Жастайынан ішпеген?  
Мені жеген адамдар  
Кем болмайды күшке де! (сәбіз)

5. Боламын мен дәмдеуіш  
Барлық-барлық тағамға.  
Көкөністер ішінен  
Мен пайдалы адамға. (пияз)

6. Жайлы, жұмсақ төсегім,  
Домаланып өсемін.  
Қабат-қабат тоным бар.  
Бұл не? (орамжапырақ)

### 2. Берілген сөздердің аудармасын табыңдар.

үздіксіз	зерно
шық	ливень
нөсер	роса
құстар	непрерывно
дән	птицы

### 3. Түсіп қалған ай аттарын орнына қойыңдар.

Наурыз, сәуір, ... , маусым, ... , тамыз, ... , қазан,  
қараша, желтоқсан, ... ақпан.

### 4. Өлең жолдарында қай ай туралы айтылған?

1. Бір-біріне жер, аспан  
Мейіріммен қарасқан.  
Ұстаз-шәкірт жүздескен. Бұл қай ай?
2. ... айы болыпты,  
Қамбаға астық толыпты,  
Сары даланы сәндетіп,

Думандатып, әндетіп.

3. Күн суытып барады,  
Малдар қолға қарады.  
... ауыл даламыз,  
Қысқа дайын боламыз.

### 5. Күз мезгілі нешеге бөлінеді? Оларды атаңдар.

(ерте күз, алтын күз, қара күз)

### 6. Сөзжұмбақты шешіңдер.

				Н	ө	с	е	р
С	а	л	к	ы	н			
		С	э	б	і	з		
			А	л	м	а		

1. Ливень.
2. Холодно.
3. Морковь.
4. Яблоко.

### 7. Ребусты шешіңдер.

8. Жіңішке сөзден келетін өнімді бір себетке,  
жуан сөзден келетін өнімді екінші себетке  
топтастырып жинаңдар.

Алма, жүзім, алмұрт, сәбіз, қырыққабат, қызанақ

9. Берілген сөйлемдерде белгіленген сөздер  
қандай сөйлем мүшесі екенін анықтаңдар.

1. Жанбыр жиі-жиі жауады.
2. Суық жел соғады.
3. Жапырақтар сарғайып жерге түседі.
4. Алтын күз келді.

5. Күзде адамдар өнім жинайды.

**10. Табиғат тақырыбына байланысты мақалды табыңдар.**

1. Мектеп-кеме, білім-теңіз.
2. Жаман жолдастан таяғым артық.
3. Күздің бір күні қыстың бір айын асырайды.

### 5-модуль. Уақыт

Тест сұрақтарына жауап беріңдер.

**1. Бір ғасырда неше жыл бар?**

- а) 365;
- ә) 100;
- б) 12;
- в) 4;
- г) 465.

**2. Шығыс септігінде тұрған сөзі бар сөйлемді табыңдар:**

- а) Күнтізбелер әр түрлі болады.
- ә) Апта атаулары: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.
- б) Күнтізбе 365 күннен тұрады.
- в) Күнтізбеге ай аттары, күндер, апта атаулары, мереке күндер кіреді.
- г) Бір жылда он екі ай бар.

**3. Ілік септік жалғауларын көрсетіңдер:**

- а) -ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің;
- ә) -ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті;
- б) -ға, -ге, -қа, -ке;
- в) -да, -де, -та, -те;
- г) -мен, -бен, -пен.

**4. Жатыс септік сұрақтарын анықтаңдар.**

- а) Кіммен? Немен? Кімдермен? Нелермен?
- ә) Кім? Не? Кімдер? Нелер?
- б) Кімге? Неге? Кімдерге? Нелерге? Қайда?
- в) Кімде? Неде? Кімдерде? Нелерде? Қайда?
- г) Кімнен? Неден? Кімдерден? Нелерден? Қайдан?

**5. Сөйлемде белгіленген сөз қай септікте тұр?**

Мен уақытты дұрыс пайдалану үшін күн тәртібімнің кестесін жасадым.

- а) атау;
- ә) табыс;
- б) барыс;
- в) көмектес;
- г) шығыс.

**6. Сөйлемді аяқтаңдар.**

Мектеп үйден алыс емес, ... .

- а) сондықтан мектепке дейін автобуспен барамын.
- ә) сондықтан екінші ауысымда оқимын.
- б) сондықтан мектепке дейін жаяу барамын.
- в) сондықтан өзіме күн тәртібімнің кестесін жасадым.
- г) сондықтан үйден ерте шығамын.

**7. Дұрыс құрылған сөйлемді табыңдар:**

- а) Көптеген үйірмелер біздің мектепте жұмыс істейді.
- ә) Біздің мектепте көптеген үйірмелер жұмыс істейді.
- б) Біздің үйірмелер көптеген мектепте жұмыс істейді.
- в) Үйірмелер біздің көптеген мектепте жұмыс істейді.

г) Біздің жұмыс үйірмелер көптеген мектепте істейді.

### 8. Жінішке сөздер қатарын табыңдар:

- а) күнтізбе, кесте, күн;
- ә) ғасыр, тәулік, ай;
- б) ауысым, сынып, уақыт;
- в) теледидар, үй, пәтер;
- г) мектеп, апта, жыл.

### 9. Орфографиялық норма бойынша дұрыс жазылған сөзді белгілеңдер:

- а) жійын;
- ә) жийын;
- б) жыйын;
- в) жиын;
- г) жийін.

### 10. Сызбаға сәйкес сөзді табыңдар.

Түбір + көптік жалғау + көмектес септік

- а) балалармен;
- ә) кестеге;
- б) іспен;
- в) күнтізбенің;
- г) жылдардан.

### 6-модуль. Менің қалам

Сөздік диктант

Тұрғын, ғимарат, орталық, қасиетті, ұлт өкілдері, болашақ, меймандос, зәулім, дүние жүзі, мұз айдыны, көрермен, әйгілі, көрікті, кешен, шаңырақ, саябақ, тарих, ескерткіш, даңғыл, қонақжай, мейрамхана, ерекше, айқын, мұражай, қаланың ортасында, көше бойымен, теміржолдың үстімен, сұлу, арман,

жаңа, биік, ағаштар, болашақ, сарай, қонақ үйі, адам, тәуелсіз, уақыт, өзгерді, зулайды, бой көтерді, мәдениет орындары, ықшамаудандар, өнеркәсіп, жер, оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс, әдемі, көзге түседі, жолаушы. (60 сөз)

Грамматикалық тапсырма

Берілген сөздерді тәуелдендер: қала, көше, арман.

### 7-модуль. Туған жерім

#### 1. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып жазыңдар:

Қ...рлық, ш...л, қ...рық, қ...діретті, ж...ндік, ән...ран, елта...ба, ...зен.

#### 2. Берілген сөздерді қазақ тіліне аударыңдар:

Пустыня, суша, край, заповедник, преграда, святой, рельеф, почва, территория, равнины.

#### 3. Сөздерге көптік жалғауын дұрыс жалғаңдар:

Қорық	дер
Белес	лар
Өзен	тер
Тау	дар
Адам	лер
Түр	тар

#### 4. Сызбаға сәйкес сөзді табыңдар:

Түбір+тәуелдік жалғау+табыс септік  
Отаным, тілін, еліме, аймақта.

#### 5. Сөз тіркестерінің аудармасын табыңдар.

Жазық дала	высокие горы
Мұз айдыны	равнина
Құдіретті үн	ледовый каток
Асқар тау	всесогущее звучание

### 6. Сөйлемді дұрыс құраңдар:

Әнұранымыз әр қиырда шырқалады мемлекеттік тілінде қазақ.

### 7. Мақалдарды аяқтаңдар:

Туған жердің ормансыз бұлбұл.

Ел іші оттан да ыстық.

Отан алтын бесік.

Отансыз адам- күні де ыстық, түні де ыстық.

### 8. Сызбаға сәйкес сөз тіркесін табыңдар:

Есімдік + зат есім

а) біздің аймағымыз;

ә) ағынды өзен;

б) Отанымды сүйемін;

в) 2014 жыл;

г) елімнің табиғаты.

### 9. Жіктік жалғау жалғанған сөзді табыңдар:

Жерім, таңғаласың, жазықтар, өсімдік, тілің, Қазақстанның.

### 10. Бос орынды толтырыңдар:

----- оқушысың.

----- мұғаліммін.

Сіз қонақ-----.

----- әже.

----- оқушымыз.

----- апайлар.

----- оқимын.

Сендер студент-----.

Сіздер мұғалім-----.

----- ағайсыз.

Сен қыз-----.

----- ана.

----- Маратпын.

----- Айгүлсіз.

----- баламыз.

### 8-модуль. Қыс

Деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.

III деңгей

**1. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып жазыңдар.**

Қазір ... ортасы. ... жауып тұр. Түннің ... қатайды. Өзен мен көлдің бетін жапқан ... бекиді. Ағаш ... қар жамылған. Мұз айдынында балалар ... теуіп жүр. Қыста ... қарсы аламыз.

Керекті сөздер: жаңа жылды, мұз, қыстың, коньки, қар, аязды, бұтақтары

**2. Берілген сөздер ішінен зат есімдерді теріп жазып, оларға сұрақ қойыңдар.**

Аяз, сырғанап жүр, қыстың, жайнау, шанамен, айлар, ойнады, суық, шырша, ызғарлы, тоңу, балалар, сырғанақта, азығын, жиі, жерді.

**3. Сөйлемді дұрыс құрастырыңдар.**

Ақ ағаш қар бұтақтары жамылған.

II деңгей

**1. Мәтін бойынша бірнеше сұрақ құрастырыңдар.**

Мұз айдыны

Қыс түсті. Өзенге мұз қатты. Балалар күнде өзенге коньки тебуге барады. Мұзды қар басып қалды. Балалар мұздың бетін қардан тазалады. Мұз үстіне аққала жасады. Мұз айдыны дайын болды.

**2. Мәтін ішінен зат есімдерді тауып, мағынасын анықтап, сөз құрамына талдандар.**

**3. Қысқа байланысты қандай мақал-мәтелдерді білесіңдер?**

I деңгей

**1. «Қыс қызығы» тақырыбына шағын әңгіме құрастырыңдар.**

**2. Мәтін ішінен зат есімдерді тауып, астын сызыңдар. Мағынасына, тұлғасына, құрамына қарай түрлерін ажыратыңдар.**

**3. Берілген мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріңдер.**

Қыс азығын жаз жина.

Қар-қара жердің көрпесі.

Қыс арбаңды, жаз шанаңды сайла.

### **9-модуль. Табиғатты қорғау-баршаның міндеті**

Бақылау сұрақтарына жауап беріңдер.

**1. Есімдік дегеніміз не? Түрлерін атаңдар.**

**2. Сұрау есімдіктерін қатыстырып, сөйлемдер құраңдар.**

**3. Белгісіздік есімдіктерін атаңдар.**

**4. Жіктеу есімдігі бар сөйлемді табыңдар.**

а) Туған жер табиғаты-халқымыздың ұлттық мақтанышы.

ә) Наурыз айында күн көбінесе бұлтты болады.

б) Табиғатты аялап қорғауға үлес қосу-біздің азаматтық борышымыз.

в) Мұз, қар ереді, өзендерде сең жүре бастады.

г) Табиғат – алтын бесік.

**5. Берілген сөздер мен сөз тіркестерінің аудармасын табыңдар.**

Сокровище, окружающая среда, проблема, прозрачный, будущее, кратковременный, половодье, льдина, облачный, замерзает, чистый воздух, непригодный, раскапывать, необходимый, природа.

**6. Берілген сөздер ішінен есімдіктерді теріп жазыңдар.**

Қазына, біздің, жер, барлық, ұлттық, сол, қазу, саябақ, кейбір, дүниежүзілік, ешкім, жасыл, қандай, қорғау, өзімнің.

**7. Ешкім, ештеңе, ешқандай, ешқайда, ешқашан, қандай есімдіктер?**

**8. Сөйлемді дұрыс құрастырыңдар.**

Өзімізді, аялайық, табиғи органы, қоршаған.

**9. Ілік септігінің жалғауы жалғанған есімдікті табыңдар.**

Өзіміз, нешінші? сіздер, әркімнің, кейбір, әлдеқашан, ол, осы.

**10. Мәтін ішінен есімдіктерді теріп жазыңдар.**

Құстар пайдалы

Адамзат табиғат есебінен тіршілік етеді. Барлық адам табиғатсыз өмір сүре алмайды. Құстар-табиғаттың бір бөлігі. Олар да ұрпақ қалдыруға тиіс. Құстардың көбейіп, өсуіне кедергі жасамайық. Қайта оларға қамқор болайық. Олар біздің табиғатымызға сән береді.

### **10-модуль. Жабайы аңдар**

Деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.

III деңгей

### 1. Берілген сөздер ішінен сын есімдерді теріп жазыңдар.

Ыңғайлы, аю, қасқыр, жабайы, күрке, аңшылық, қызық, кекілік, өсімтал, үлкен, ұзындығы, ірі, мүйіз, олжа, жайлы.

### 2. Сөздердің аудармасын табыңдар.

Көп тармақты	вес
Салмақ	предвидающий
Әуесқойлық	половодье
Болжағыш	низменность
Тасқын су	увлечение
Ойпат жер	ветвистые

### 3. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар. Өлең ішінен сын есімдерді тауып, оларға сұрақ қойыңдар.

Сұр қоян

Ұзын құлақ сұр қоян Қарап еді соңына  
Естіп қалып сыбдырды, Қиығын сап көзінің.  
Ойлы-қырлы жерлермен Келе жатқан томпандап,  
Ытқып-ытқып жүгірді. Көжегі екен өзінің.

(Т.Бердияров)

II деңгей

### 1. Сын есім дегеніміз не? Негізгі және туынды сын есімге мысал келтіріңдер.

### 2. Берілген сөйлемдерді дұрыс құрыңдар.

1. Көп кекілік болады Қазақстан тауларында.
2. Олар құрт-құмырсқаларды шаруашылыққа зиянды жеп құртады.
3. Сол жерге аңшы тұрғызды терілерін сақтайтын қойма.
4. Бұл ең ірілерінің бірі еді киттердің бұрын-соңды ұсталып жүрген.

### 3. Мәтін бойынша бірнеше сұрақ құрастырыңдар.

Терісі бағалы аңдар

Біздің орманымызда терісі бағалы аңдар көп. Олардың бірі-түлкі. Түлкінің бірнеше түрі болады. Қазақстанда қызыл және қаракүрең түлкі ғана мекендейді.

Ал түлкінің ең асылы - қарасұр түлкі. Бұл суық жақтағы ормандарда, Енисей өзені бойында тіршілік етеді.

Қарсақ-түлкінің бір тұқымы. Ол түлкіден кішірек, түсі сұрғылт. Қарсақтың құйрығы қысқа, құлағы тік, көзі дөңгелек болады. Қазақстанда қарсақ көп.

I деңгей.

### 1. Берілген сын есімдердің қай шырайда тұрғанын анықтаңдар.

Ыңғайлылау, өте пайдалы, ірі, жап-жасыл, ең жайлы, кішірек, салқын, мықтылау, сұр, ұзын.

### 2. Сын есімдерді қатыстырып, бір жабайы аңды сипаттап жазыңдар.

### 3. Мәтінді оқып, ат қойыңдар. Мәтіннен негізгі ойды табыңдар. Жоспар құрыңдар. Жоспар бойынша мазмұнын жазыңдар.

Ежелден-ақ қасқыр-адамның және басқа да көптеген жануарлардың қас жауы. Ірі аңдар да, құстар да қасқырдан құтыла алмайды. Қасқыр елік пен ақбөкендерді, жабайы қабандарды да аулайды. Қасқырлар мал шаруашылығына зиянын тигізеді. Олар қойларға шабуыл жасайды. Жабық қойқораға да қасқыр түседі. Мұндай жағдайларда қойлар

үркіп, бірінің үстіне бірі шығып, бірін-бірі басып, тұншығып өледі.

## 11-модуль. Үй жануарлары

### 1. Үй жануарларының төлдерін табыңдар.

Түйе қозы

Қой лақ

Сиыр бота

Жылқы бұзау

### 2. Жұмбақтарды шешіңдер.

- Кезікті бір жануар,  
Үстінде екі тауы бар. (түйе)
- Кіп-кішкентай бойы бар,  
Айналдырып киген тоны бар. (қой)
- Көзін жұмады,  
Көзін ашады,  
Сыбысын білдірмей,  
Ақырын басады. (мысық)
- Адамға серік,  
Күзетке берік. (ит)
- Тастан тасқа секіреді,  
Қалқиып қос құлағы,  
Ойын болып көкірегі,  
Аула оның тұрағы. (лақ)
- Көкке шыншып құйрығын,  
Келеді шауып жүйрігім. (құлыншақ)

### 3. Артық сөзді табыңдар.

Жылқы, түйе, тайлақ, серке, бие, бөлтірік, қозы, ешкі, құлын, қошқар.

### 4. Сөзжұмбақты шешіңдер.

					Ж	ы	л	қ	ы
Т	а	й	л	а	қ				
		Т	е	н	т	е	к		
	Б	а	ғ	у					
		Т	а	у	ы	қ			
С	и	ы	р						

- Сәндікті білдіретін үй жануары.
- Екі жылдық бота.
- «Озорной», «шаловливый» деген сөздердің аудармасы.
- «Ухаживать» деген сөздің аудармасы.
- Үй құсы.
- Төрт түліктің бірі.
- 5. Көп нүктенің орнына тиісті етістікті қойып жазыңдар.**  
Сиыр ... . Қой ... . Жылқы ... . Түйе ... .  
Керекті сөздер: маңырайды, мөңірейді, боздайды, кісінейді.

### 6. Төрт түліктің белгісін анықтаңдар.

Түйе ақтық

Қой жеңілдік

Ешкі байлық

Жылқы мырзалық

Сиыр сәндік

### 7. Етістіктердің аудармасын табыңдар.

Испугаться қуану

Кричать өсіру



Окотиться	шошу
Обрадоваться	айқайлау
Поймать	қой қоздау
Вырастить	ұстап алу

### 8. Түсіп қалған әріптерді табыңдар.

С...ндік, жыл...ы, ш...п, ешк..., өс...ру, к...шігім, м...сық, т...йе, си...р, түл...к.

### 9. Болымды болымсыз етістіктерді екі бағанға бөліп жазыңдар.

Өсіріледі, тоқылмайды, теріп жейді, жасамайды, жақсы көремін, ашытпайды, күтіп тұрады, оянбайды, үйретіп жүрмін, ішпейді.

### 10. Сабақты етістіктерді табыңдар.

Жасайды, ашытады, шығады, теріп жейді, ұйықтайды, асырайды, жайылады, ішеді, ұстап алу, қорқу.

## 12-модуль. Көктем

Тест сұрақтарына жауап беріңдер.

### 1. Орфографиялық норма бойынша дұрыс жазылған сөзді табыңдар:

- а) бүршық;
- ә) бүршік;
- б) бұршік;
- в) буршік;
- г) бүршік.

### 2. Көктем айларын табыңдар:

- а) наурыз, сәуір, мамыр;
- ә) қыркүйек, қазан, қараша;
- б) маусым, шілде, тамыз;
- в) желтоқсан, ақпан, қаңтар;

г) наурыз, маусым, шілде.

### 3. «Льдина» сөзінің аудармасын табыңдар:

- а) өзен;
- ә) су;
- б) сен;
- в) сең;
- г) көл.

### 4. Сызбаға сәйкес сөз тіркесін белгілеңдер:

Зат есім + етістік

- а) шұңқыр қазу;
- ә) көп ағаш;
- б) біздің көмегіміз;
- в) бұлтты күн;
- г) өзеннің жағасы.

### 5. Күрделі етістігі бар сөйлемді табыңдар:

- а) Өзендерде сең жүре бастады.
- ә) Биыл көктем кеш келді.
- б) Жерден ақ бу көтерілді.
- в) Бүгін ауа райы жақсы.
- г) Көлдері балық пен жабайы құстарға толы.

### 6. Өткен шақта тұрған етістігі бар сөйлемді табыңдар:

- а) Наурыз айында күн көбінесе бұлтты болады.
- ә) Олар шелекпен су тасып жүр.
- б) Ол өткен-кеткендерден мейірім күтіп ұзақ тұрды.
- в) Ағаштар бүршік жарады.
- г) Қазақстанның табиғаты аса ерекше.

### 7. Жіктік жалғауының III жағында тұрған етістіктер қатарын белгілеңдер:

- а) күттің, қаздың, отырғыздың;

- ә) көмектестіңіз, құйдыңыз, әкелдіңіз;
- б) ұнаттым, ектім, суардым;
- в) тоңазиды, қатады, жібиді.

**8. Келер шақта тұрған етістіктер қатарын көрсетіндер:**

- а) келді, бастады, ереді;
- ә) болады, ашылады, жылынады;
- б) отырғызды, көмектеседі, қатады;
- в) өсіп жатыр, құйып жүр, қазып жатыр;
- г) оянды, тіріледі, гүлденеді.

**9. Дұрыс құрылған сөйлемді анықтаңдар:**

- а) Жер күндіз қатады, кешке жібиді.
- ә) Күндіз жібиді жер, қатады кешке.
- б) Жер күндіз жібиді, кешке қатады.
- в) Күндіз, кешке жер жібиді, қатады.
- г) Жер кешке қатады, жібиді күндіз.
- г) өседі, тамашаладым, суардың

**10. Ауыспалы осы шақта тұрған етістігі бар сөйлемді табыңдар:**

- а) Қыстан кейін көптен күткен көктем келді.
- ә) Көктемде табиғат қысқы ұйқысынан оянады.
- б) Көктемгі шаруа жұмыстары басталып жатыр.
- в) Ертең ауа райы жақсы болады.
- г) Күн жерді қыздыра түсті.

**13-модуль. Біздің мерекелер**

**1. Сөздік диктант**


Мейрам, құттықтағым келеді, Жаңа жыл, наурыз, тойласа, ынтымақ, жеңіс, халықаралық, жақсылық болсын, құт, мереке, қария, қабылдады, бірауыздан, ұсыныс, қуанышым, асыл, көңілді, қымбатты,

денсаулық, ұлы, ұлыс, балуан, теңелу, береке, ерекше, азық, бата, тілек, аяқталды, батыр, белгілі, ерлік, жауынгер, атағын, соғыс, екі мәрте, мерген, қаза тапты, жекпе-жек, әуе, шабуыл, атысқан, ұшқыш, айқас, жауға, Кеңес Одағы, тұңғыш, халықтар, шақырған, бақытты, күрестіреді, ойын-сауық, дәстүр.

**2. Сөздік диктант ішінен етістіктерді теріп жазып, қай райда тұрғанын анықтаңдар.**

**14-модуль. Елтану.**

**1. Кестені толтырыңдар.**



**2. Кестені толтырыңдар.**

Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері

```

graph TD
    A[Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері] --> B[...]
    A --> C[...]
  
```

**3. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойыңдар.**

С...сын, ш...бат, шұж...қ, ірімш...к, сі...мді, т...ған күн, д...м, қ...рметтеу, т...лек, ұлтт...қ.

**4. Сөздердің аудармасын табыңдар.**

Ұлттық	сыр
Сусын	пожелание
Қуырдақ	гостеприимство
Ірімшік	национальный
Қонақжайлылық	напиток

Тілек

жареное мясо

**5. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, сөйлемдерді толықтырындар.**

Алтыбақан

Алтыбақан – халқымыздың ... ойын-сауығының бірі. Алтыбақан көшпелі ... үшін өте қолайлы, себебі тез жиналып, тез құрылады. Жастар ауыл сыртындағы алтыбақанға жиналып, ... көтереді. Екі жас ... тербеліп, ән салады. Оларды жанында ... тербетіп тұрады. Ойын ... арналған. Ойынның бұл ... көп жерде кездеседі.

Керекті сөздер: халық, көңіл, ұлттық, құрбылары, түрі, көпшілікке, алтыбақанға.

**6. Мемлекеттік рәміздерді атаңдар.**

**7. Сызбаға сәйкес сөз тіркесін табындар.**

Сын есім + зат есім

Қонаққа шақыру, ұлттық тағамдар, біздің дастарқанымыз, бес қонақ

**8. Сөйлемді дұрыс құрастырындар.**

Қазақтың ойындарының ұлттық қыз қуу ішіндегі ең қызығы.

**9. Мақал-мәтелдерді аяқтаңдар.**

Сыйлап берсе, тамағы тәтті.

Ертеңгі асты тастама, суын іш.

Ас кешкі асқа қарама.

Тату үйдің адамның арқауы.

**10. Сөйлемде белгіленген сөз сөйлемнің қандай мүшесі?**

Бұл- ғасырлар бойы қазақтың қуанышы мен мұңын шерткен қобыз үні.

## 15-модуль. Жаз

Бақылау сұрақтарына жауап беріндер.

**1. Жаз айларын атаңдар.**

**2. Жазда табиғатта қандай өзгерістер болады?**

**3. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып жазындар.**

Бұлб...л, к...кек, жа...быр, ки...з үй, өтк...здім, ж...лы, к...ндіз, ыст...қ, арамш...п, аш...қ.


**4. Берілген сөздер мен сөз тіркестерінің аудармасын табындар.**

У подножья гор, дуб, кукушка, соловей, на берегу, чистый воздух, погода, ясный

**5. Үстеу дегеніміз не?**

**6. Сызбаны толықтырындар.**

Үстеудің түрлері (мағынасына қарай)



**7. Үстеулер құрамына қарай қалай бөлінеді?**

**8. Үстеулер тұлғасына қарай қалай бөлінеді?**

**9. Кеше, бүгін, ертең, қыстыгүні, биыл, күні бойы үстеулері үстеудің қай түріне жатады?**

**10. Қанша? Қаншалық? Қаншадан? Нешеден? деген сұрақтарға қандай үстеу жауап береді?**

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНЕН 11-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. «Өткен күндер» жинағының авторын анықтаңыз.  
А) С.Сейфуллин;  
В) Ж.Жабаев;  
С) Ғ.Мүсірепов;  
D) Б.Майлин;  
E) І.Жансүгіров.
2. Ғ.Мүсіреповтің «Ер ана» әңгімесіндегі кейіпкерді табыңыз.  
А) Нағима;  
В) Ақлима;  
С) Мәрзия;  
D) Қапия;  
E) Наталья.
3. Монолог дегеніміздің не екенін анықтаңыз.  
А) Қалыпты жағдайдан әсірелеп суреттеу.  
В) Шығарма кейіпкерлерінің өзара кезектесе сөйлесуі.  
С) Әдеби шығармадағы оқиға желісі.  
D) Бір адамның ұзақ сөзі.  
E) Табиғат көркін суреттеу.
4. Шығарманың тақырыбы деген ұғымға сәйкес келетін жауапты көрсетіңіз.  
А) Оқиғалардың мазмұндық байланысы.

В) Жазушының көркем шығармасына негіз, арқау еткен өмір құбылыстарының түйіні.

С) Жазушының үндейтін белгілі бір пікірі, айтқысы келетін ойы.

D) Оқиға өтетін орынмен таныстыру.

E) Қаламгердің өмір құбылысына берген бағасы.

5. А.Байтұрсынұлының өлеңдер жинағын көрсетіңіз.

А) «Шолпан»;

В) «Маса»;

С) «Асау тұлпар»;

D) «Өткен күндер»;

E) «Домбыра».

6. «Өтеген батыр» дастанының авторын табыңыз.

А) С.Сейфуллин;

В) М.Жұмабаев;

С) І.Жансүгіров;

D) Ж.Жабаев;

E) Б.Майлин.

7. Мағжан Жұмабаев Омбының мұғалімдер дайындайтын семинариясын қай жылы бітіргенін көрсетіңіз.

А) 1918 ж.;

В) 1916 ж.;

С) 1914 ж.;

D) 1915 ж.;

E) 1912 ж.

8. «Толағай» ертегісінің авторы кім?

А) Ә.Тәжібаев;      В) М.Әуезов;

С) А.Құнанбаев;

D) Ш.Уәлиханов;

- Е) С.Сейфуллин.
9. М.Дулатовтың 1909 жылы Уфа қаласында басылып шыққан кітабын атаңыз.
- А) “Есеп құралы”;  
В) “Терме”;  
С) “Азамат”;  
D) “Қирағат”;  
Е) “Оян, қазақ”.
10. Пейзаж терминінің мағынасын анықтаңыз.
- А) Адамның сыртқы түрін сипаттау.  
В) Бір адамның портретін беру.  
С) Оқиға болған жерді көрсету.  
D) Оқиғаны баяндау.  
Е) Табиғатты суреттеу.
11. С.Мұқановтың поэмасын табыңыз.
- А) ”Сұлушаш”;  
В) ”Мөлдір махаббат”;  
С) ”Ботакөз”;  
D) ”Теміртас”;  
Е) ”Сырдария”.
12. М.Әуезовтің Ленинград университетін бітірген жылын табыңыз.
- А) 1931ж.;  
В) 1926ж.;  
С) 1930ж.;  
D) 1925ж.;  
Е) 1928ж.;  
D) 5 жыл.;  
Е) 25 жыл.
13. Сұлтанмахмұттың балалық шағы өткен жерді табыңыз.

- А) Көкшетау;  
В) Өскемен;  
С) Ақтөбе;  
D) Атырау;  
Е) Павлодар.
14. «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш» еңбектерінің авторын белгілеңіз.
- А) А.Байтұрсынұлы;  
В) М.Әуезов;  
С) С.Сейфуллин;  
D) М.Дулатов;  
Е) Ғ.Тоғжанов.
15. Д.Исабековтің пьесасын табыңыз.
- А) «Құдағи келіпті»;  
В) «Неке қияр»;  
С) «Әпке»;  
D) «Мансапқорлар»;  
Е) «Көктөбедегі кездесу».
16. Кісі қайтыс болғанда айтылатын салт өлеңдерін көрсетіңіз.
- А) Жар-жар;  
В) Жоқтау;  
С) Сыңсу;  
D) Той бастар;  
Е) Беташар.
17. Махамбет Өтемісұлының жауынгер де абзал досын, көтеріліс басшысын табыңыз.
- А) Исатай;  
В) Жәңгір;  
С) Шернияз;

- D) Есет батыр;
- E) Әбілқайыр.

18. Абайға жеңгелері қойған атты белгілеңіз.

- A) Әбеке;
- B) Әбіш;
- C) Абай;
- D) Телғара;
- E) Ибраһим.

19. Шәкәрім поэмасын табыңыз.

- A) «Масғұт»;
- B) «Медғат-Қасым»;
- C) «Батыр Баян»;
- D) «Еңлік-Кебек»;
- E) «Ескендір».

20. Сәбит Мұқановтың туған жерін табыңыз.

- A) Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтарал ауданы.
- B) Алматы қаласы.
- C) Солтүстік Қазақстан облысы, Преснов ауданы.
- D) Шығыс Қазақстан облысы.
- E) Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы.

21. Аяз бидің бұрынғы есімін табыңыз.

- A) Уәлі;
- B) Мадан;
- C) Ұлы;
- D) Жаман;
- E) Жақсы.

22. Дулат Бабатайұлының өмір сүрген жылдарын табыңыз.

- A) 1857 – 1931 ж.ж.;
- B) 1846 – 1945 ж.ж.;
- C) 1802 – 1874 ж.ж.;

D) 1803 – 1846 ж.ж.;

E) 1818 – 1881 ж.ж.

23. 19-ғасырда Орыс жағрафиялық қоғамының толық мүшесі болған қазақты анықтаңыз.

- A) X. Досмұхамедов;
- B) М. Тынышбаев;
- C) Ы. Алтынсарин;
- D) А. Байтұрсынов;
- E) Ш. Уәлиханов.

24. М.Әуезовтің жарты ғасырлық оқиғаны қамтитын шығармасын табыңыз.

- A) «Қараш-қараш оқиғасы»;
- B) «Өскен өркен»;
- C) «Қилы заман»;
- D) «Түнгі сарын»;
- E) «Абай жолы».

25. Алматы облысының Райымбек ауданында дүниеге келген ақынды табыңыз.

- A) М.Мақатаев;
- B) Қ.Баянбаев;
- C) Т.Айбергенов;
- D) Қ.Бұғыбаева;
- E) Т.Молдағалиев.

Кілті:

1.А	9.Е	17.А	25.А
2.Е	10.Е	18.Д	
3.Д	11.А	19.Д	
4.В	12.Е	20.С	
5.В	13.А	21.Д	
6.Д	14.А	22.С	
7.В	15.С	23.Е	
8.А	16.В	24.Е	

А.ҚАНАШЕВА,  
Победа орта мектебі.  
Ақмола облысы,  
Есіл ауданы.

## ҚАЗАҚСТАН ЖЕРІ. ҚР ЕЛТАҢБАСЫ

(6-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** Тақырып бойынша білімдерін сараптап, жаңадан меңгерген сөздерді қолдануға ықпал жасау. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Рәміздері туралы білімдерін кеңейту.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» атты халқына арнаған жолдауымен таныстыру.

Жіктік жалғаулары туралы білімдерін тексеру.

- Ауызекі сөйлеу дағдысын жетілдіру, оқушылардың дүниетанымын кеңейту, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

- Оқушыларды қазақстандық патриоттыққа тәрбиелеу.

Оларды Отанын, елін, жерін сүйуге баулу, туған елге құрмет сезімін қалыптастыру.

**Сабақтың көрнекілігі:** суреттер, Қазақстанның Елтаңбасы видео, ҚР Президенті Н.Назарбаевтың халқына арналған жолдауы слайд, үлестірмелі қағаздар.

**Сабақтың түрі:** жаңа білімді меңгеру. **Сабақтың әдісі:** сұрақ-жауап, ойландыру, жұптық жұмыс,

қайталау, ассоциация әдісі, әңгімелеу, тақтаның қасында жұмыс.

**Сабақтың барысы:**

**Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу.**

**- Сәлеметсіздер ме, балалар! Сәлеметсіз бе!!!!**

«Еңбек»

Гүл өсірсең, терлеп,

Мұның аты – еңбек.

Кесте тіксең – зерлеп,

Мұның аты – еңбек.

Сабағыңа жөндеп,

Әзірленсең – еңбек.

Қиындықтың бәрін

Еңбек қана жеңбек. /Н.Жанаев/

Әрқашанда еңбек бағаланады. Бүгінгі сендердің еңбектерің жетон бойынша бағаланады. Дұрыс берген жауапқа сендер жетон аласыңдар.

Ал енді біз жұпқа бөлінеміз. Бір-бір смайлик алыңдар, сәйкестері жұп боласыңдар.

Бізде үш топ. Ал, енді, сабағымызды бастайық. Жіктік жалғауларды еске түсірейік. Сендер кәртiшкеге жазылған сөздерді алып өз себеттеріне саласыңдар.

Сөздер жекеше түрде жазылған:

азаматпын, азаматсың, азаматсыз, азамат

еңбекқормын, еңбекқорсың, еңбекқорсыз,

еңбекқор

отаншылмын, отаншылсың, отаншылсыз, отаншыл

- Бұл сөздер қалай аударылады?

Оқушылар жауабы.

Азамат-гражданин;

еңбекқор-трудолюбивый;

отаншыл-патриот.

- Отан деген сөздің синоним сөздері қандай?
- Дұрыс, атамекен және туған жер.

**Отан деген сөзге ассоциация сөздерді тауып жазайық.**

<b>АУЫЛ</b>	<b>ХАЛЫҚ</b>	<b>БӘЙТЕРЕК</b>
<b>АСТАНА</b>	<b>ОТАН</b>	<b>ҚАЗАҚСТАН</b>
<b>ТАУ</b>	<b>РӘМІЗДЕР</b>	<b>ОРМАН</b>

Қазір мен үй тапсырмасын тексеремін.

**Диалог.** Бір-бірімен сөйлесу.

- Абай, сен кімнің баласысың?
  - Атамның баласымын.
  - Өзің кімсің?
  - Қазақпын.
  - Қайда тудың?
  - Есіл қаласында тудым.
  - Отаныңды білесің бе?
  - Білемін, менің Отаным – Қазақстан!
  - Мен Қазақстанда туып-өстім. Бұл жерде менің ата-анам, туыстарым, достарым тұрады. Қазақ жері өте әдемі және бай.
    - Ержеткенде Отаныңа қызмет етесің бе?
    - Барлық күш-жігерімді Отаныма арнаймын!
- Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: Қазақстан жері  
Сабақтың мақсаты: Қазақстан Рәміздері туралы білімдерін кеңейту.
- Жаңадан меңгерген сөздерді қолдану.
- Рәміздердің бірі – ӘНҰРАН. Әнұранның авторлары кім?
- Әнін жазған Шәмші Қалдаяқов.

Сөздерін жазған Нұрсұлтан Назарбаев және Жұмекең Нәжімеденов.

- Ту туралы не білесіңдер?

- Ту көгілдір түсті, ортасында арайлы күн, күннің астында қалықтаған қыран бейнеленген, ұлттық оюлармен кестеленген. Күн, қыран және ою-өрнек алтын түсті. ҚР мемлекеттік Туының авторы-суретші Шәкен Ниязбеков.

- Тағы қандай рәмізді атаған жоқпыз?

- Елтаңбаны. Ол туралы мультфильм қараймыз Сосын сұрақтарға жауап бересіңдер.

**1. Балалар елтаңба туралы кімнен сұрады?**

/Маяна апайдан/

**2. Қазақстан елтаңбаның ортасында не бейнеленген?**

/шаңырақ/

**3. Шаңырақ ненің бейнесі?**

/Бұл Қазақстанда өмір сүретін көп ұлттың ортақ үйі/

**4. Елтаңбада бейнеленген қанатты арғымақтар ненің бейнесі?**

/Отанына деген адалдықтың белгісі/

**5. Арғымақтың қанаттары нені білдіреді?**

/Арғымақтардың қанаттары мықты өркениетті мемлекет құру туралы арманды білдіреді/

**6. Елтаңбаның төменгі жағында не жазылған?**

/Елтаңбаның төменгі жағында Ортақ үйіміздің аты Қазақстан деп жазылған/

**Сөздікпен жұмыс:**



*ШАРШЫ-квадрат;*  
*АЙМАҚ-территория;*  
*БЕДЕРІ-рельеф;*  
*АЛУАН-множество;*  
*ӨСІМДІК-растение;*  
*ТҮРЛЕРІ-виды;*  
*ТОПЫРАҚ- почва.*

/Сөздіктегі сөздерден қазақ тіліне тән дыбыстары бар сөздерді тауып, оларға фонетикалық талдау жасандар.

Түрлері-түр-ле-рі, 1 буын-б.б,2 буын-а.б,3 буын-а.б.

Т-дауыссыз, қатан  
Ү-дауысты, жіңішке, еріндік қысаң  
Р-дауыссыз, үнді  
Л-дауыссыз, үнді  
Е-дауысты, жіңішке, езулік, ашық  
Р- дауыссыз, үнді  
І-дауысты, жіңішке, езулік, қысаң  
**СЕРУЕН.....**

**Мәтінмен жұмыс ҚР мемлекеттік Елтаңбасы / герб/**

Сұрақтар мәтін бойынша

- Қазақ поэзиясындағы кең тараған бейне ол не? / қанатты тұлпар/

- Қанатты тұлпар нені біріктіреді?/ Уақыт пен кеңістікті/

- Әрбір адамның жол нұсқайтын несі бар?

/жарық жұлдызы/

- ҚР мемлекеттік Елтаңбасының авторлары кім?

/Жандарбек Мәлібеков пен Шота Уәлиханов/

Жауапты оқушылар тауып оқиды.

**Ойын. «ӘРІ ОҚУ, ӘРІ ОЙЫН»**

- |                          |                            |
|--------------------------|----------------------------|
| 1. Богатство-байлық.     | Народ- <u>халық</u> .      |
| 2. Реки – көлдер.        | Символы- <u>рәміздер</u> . |
| 3. Читатель-оқырман.     | Лес- <u>орман</u> .        |
| 4. Род-ру.               | Флаг- <u>ту</u> .          |
| 5. Гимн-әнұран.          | Родина – <u>Отан</u> .     |
| 6. Спор-дау.             | Горы- <u>тау</u> .         |
| 7. Государство-мемлекет. |                            |
- Унеси-әкет
8. Мифический конь-қанатты тұлпар  
Отнеси-апар
9. Подсолнух-күнбағыс,  
Звездочка –жұлдыз
10. Территория –аймақ  
Купол юрты-шанырақ
- Елтаңба туралы көп мәлімет алдыңдар.
- Балалар, 11 қараша 2014 жыл немен белгілі?
  - Дұрыс, Біздің Елбасымыздың халқына арналған «Нұрлы жол-болашаққа бағыт» Жолдауы шыққан.
  - Қазақстан – ұшқан құстың қанаты талатын ұлан-ғайыр аумақтың иесі.
  - Сондықтан, аталған жоспар орасан қаражат пен еңбекті, аса ауқымды жұмысты қажет етеді.
  - Алда үлкен де жауапты жұмыстар тұр.
  - Бейбітшілік – ол әке мен ана қуанышы, ата-аналар денсаулығы және біздің бақытымыз.
  - Бүгінде табысты жұмыс істеу үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған.
  - Ел бірлігі – біздің барша табыстарымыздың кілті.

## /Жұптық жұмыс/ Т7 бет 92

Сандардың орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді дұрыс құраңдар.

Тексеру. Оқушылар житон алады. Мақал-мәтелді оқып аудару.

### Рефлексия кезеңі.

Төменгі саты-сабақты түсінген жоқпын.

Екінші саты-түзету немесе жәрдем қажет.

Жоғарғы саты - тақырыпты түсіндім, тапсырмаларды өзім орындай аламын.

Сабақты қорытындылау.

Жетонды санау, бағалау.



**Б.ТӨЛЕГЕНОВА,**  
№1 мектеп- гимназиясы,  
Ақмола облысы,  
Бурабай ауданы,  
Щучинск қаласы.

## СӨЙЛЕМ ІШІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТЫНЫС БЕЛГІЛЕР

Сабақтың мақсаты:

1.Білімділік	2.Дамытушылық	3.Тәрбиелік
Оқушылардың үтір қою жөніндегі дағдыларын жетілдіру, өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландыру. Сөйлем құрамында кездесетін тыныс белгілерінің қызметі мен қолданылу	Үтір қандай орындарда, не үшін қойылатыны, оны қою үшін тілдік қандай белгілерін білу керек екенін түсіндіру. Проблемалық жағдайлар мен күрделілік деңгейі	Мақала арқылы тілге деген сүйіспеншілігін арттыру, сөздерді орынды қолдануға,

орны, үтір тыныс белгісін қоюда ұстанатын негізгі ұстанымдарын оқып-үйренудің жобасын тұтас қабылдауға көмектесу.	артқан тапсырмаларды шешу кезінде дербес ойлана алуды дамытуға жағдай жасау.	тиянақтылыққа тәрбиелеу.
---	--	--------------------------

**Сабақтың түрі:** дәстүрлі сабақ.

**Сабақтың әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, талдау, баяндау, түсіндіру, СТО (сыни тұрғыдан ойлау) стратегиясы.

**Сабақтың жабдығы:** слайд, интерактивті тақта, көртішкелер.

**Сабақтың барысы:**

I. Ұйымдастыру кезеңі;

1. Оқушыларды түгелдеу;

2. Сабаққа дайындықтарын бақылау;

II. Үй тапсырмасын тексеру: қайталау сұрақтары.

III. Жаңа білімді меңгерту кезеңі.

Жаңа сабақ. Сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілері.

**Ой шақыру.**

Жаңа тақырып бойынша оқушыларға сұрақ қою.

Сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілерін ата.

Сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілері қандай қызмет атқарады? (ерекшелеуші)

Қыстырма сөйлем дегеніміз не?

Қаратпа сөз дегеніміз не?

Одағай сөз дегеніміз не?

Бірыңғай мүшелер дегеніміз не?

Айқындауыш мүше дегеніміз не?

Төл сөз дегеніміз не?

Слайд бойынша жаңа тақырыпты түсіндіру.

Сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілер ерекшеленуші қызмет атқарады. Үтір қаратпа, қыстырма, одағай, төл сөздер мен бірінғай және айқындауыш мүшелер қолданылып тұрған сөйлемдерде қойылады.

**1. Үтір (,)** Шешендік сөз шешендікке, адамгершілікке тәрбиелейді.

**2. Қос нүкте (:)** Ел деген мұз сияқты: ақырын ұстасаң, түсіп кетеді.

**3. Жақша ( )** Жақсылық – кісінің табандылығында.  
(М.Әуезов)

**Тырнақша (“”)** Қазыбек биден бір адам “кім жақын, не қымбат, не қиын?” деген үш сұраққа жауап беруін сұрапты.

**Сызықша (-)** Ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос.

**Нүктелі үтір (;)** Ақылды ісіне сенеді; Ақымақ күшіне сенеді; Әңгүдік түсіне сенеді.

Қазыбек, бір қолың ұрыс бастаса, екінші қолың арашашы болсын.

Ойбай, білсем Құдай ұрсын, - деп Зейнеп те әзілдей жауап берді.

Сен, Еменәлі, бір кезде алды-артына қарамайтын сотқар болып едің.

Әли, менің ойымша, мемлекет отбасынан басталады.

Бірыңғай сөйлем мүшелерінің арасында қойылады	Қаратпа сөздер (сөйлем басында, соңында, ортасында)	Қыстырма сөздер (сөйлем басында, соңында, ортасында)	Оңашаланған айқындауыш сөздер	Одағай сөздер (сөйлем басында, соңында, ортасында)	Құрмалас сөйлемдегі жай сөйлемдердің аражігіне қойылады
Менің ғашығым бота көзді, қыр мұрынды, шие ерін, ақ құба келген аққу қыз.	Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат. Менің сырым, жігіттер, оңай емес. Ендігі кезек сенде, қарағым.	Меніңше, сенің айтқаның дұрыс. Бұларды, әрине осы жерде жасауға болмайды. Өзі осында келген шығар, сірә.	Сен, Қазыбек би, бұл елдің соты. Осы елдің алға ұстары сен, Батыр Баян.	Пай! Пай! Пай! Киелі неткен жер!	Ел көпсе, жайлау жетімсірейді, құс көпсе, көл жетімсірейді.

### Бірыңғай мүшелерде қойылатын үтір.

Бірыңғай мүше жалғаулықсыз келгенде	Да, де, әрі, я, яки, не, немесе, әлде, жалғаулық шылаулары бірыңғай мүшеде қайталанып келгенде	Мен, және жалғаулық шылаулары қайталанбайды.	Да, де, әрі, я, яки, не, немесе, әлде, жалғаулық шылаулары бірыңғай баяндауыштар арасында қайталанбай келсе, шылаудан соң үтір қойылады.
-------------------------------------	--	--	--

Айгүл, Әсел, Әдемі- лер келді.	Асыл да, Әсел де не үйге кірерлерін, не кері кетерлерін білмей дал болды.	Айнур мен Асыл, Айдын мен Асхат келді.	Қоңырау соғылды да, сабак басталды.
--	--	--	--

### Құрмалас сөйлемдерде қойылатын үтір.

Да, де, та, те, әрі жалғаулықтары арқылы байланысса, жалғаулықтар -дан соң үтір қойылады.	Бірақ, дегенмен, әйтседе, сондықтан, өйткені, себебі жалғау- лықтары арқылы байланысса, жалғаулық- тардан соң үтір қойылады.	Қайта- ланып келгенде	Жалғау- лықсыз ыңғайлас, себеп мәнді салалас құрма- ластар арасында
Қайтарар жауабы көкірегінде қайнап тұрса да, Сұлтанмахмұттың үні шықпады.	Әкесі мен қызы осы жерде бірінші рет кездесті, бірақ бірін – бірі танымады.	Кейде олар балаша шуласа, кейде сабырлы болады.	Дауыс шыққан жаққа қарап едім, қол созым жерде елік тұр.

### Жаттығулармен жұмыс:

1. Сөйлемдерге тыныс белгісін қойып шық.

Өсе келе Ердос тап – тақыр жерде өсіппіз ғой деп ойламасын.

Сол кешегі ұстаздары яғни біздер соншама ақылды да білімді де емес екен.

Шіркін бұрынғының әндері-ай.

Әрбір ән тұтас тарих.

Соларша қайғырып соларша сүйе білер ме еді шіркін.

2.«Қазақ тілінің мұңы»

Мәтінмен танысу, түсінгенін айту, қазіргі заманмен салыстыру, тыныс белгілерінің қойылу себебін анықтау.

*Мен заманда қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларыңның бұлбұлдай сайраған тілі едім. Жардай соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім. Енді қандаймын?*

*Кірленіп барамын, былғанып барамын.*

*Жасыдым, мұңалдым.*

*Мен не көрмедім?*

*Маған әкеліп араб пен парсыны қосты. Бертін келе шүлдірлетіп ноғайды, бұлдырлатып орысты араластырды. Бір күндерде мені мүлде жоқ қылғысы келетіндер де бар. Өліде үш бақы болғыр Абайға өкпем жоқ. Тіріде маған ара түсушілер аз болды. Мен жылы сөзді, алдымен айналып кетейін, осы күнгі Ахмет (Байтұрсынұлы. Ред.) деген кісіден гана естідім.*

Сабақтың қорытындысы, ой қорыту (рефлексия).

Сұрақ-жауап.

1. Сөйлемнің ішіне қойылатын тыныс белгілерін ата.

2. Үтір қандай жағдайда қойылады?

3. Карточкамен жұмыс.

1. Сөйлемдерді сөйлем мүшесіне талда. Бастауыштарын қаратпа сөзге айналдырып, тиісті орынға тыныс белгісін қой.

2. Қаратпа сөздерді бірде сөйлемнің алдына, бірде ортасына, бірде аяғына қойып, оларды тыныс белгілерімен айырып жазыңдар.

3. Одағай сөздерді тыныс белгілерін қойып көшіріңдер.

VI. Үйге тапсырма беру: 159-жаттығу.

VI. Бағалау.



**С.АХМЕТЖАНОВА,**  
Ерсін Мұқашев атындағы  
жалпы білім беру орта мектебі.  
Павлодар облысы,  
Май ауданы,  
Көктөбе ауылы.

## ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫМ

### Сабақтың мақсаты:

1. Оқу құралдары туралы білімдерімізді жинақтап, дидактикалық ойын түрлері арқылы бекіту;

2. Оқушылардың сөздік қорын, сөз байлығын, есте сақтау және ойлау қабілеттерін дамыту;

3. Оқушыларды адамгершілікке, әдептілікке тәрбиелеу, оқу құралдарын сауатты, таза ұстауға тәрбиелеу;

Сабақтың түрі: оқушылардың білімдерін ойын элементтері арқылы қорыту, жүйелеу сабағы.

Сабақтың әдісі-тәсілдері: оқу- аудару, сұрақ-жауап, дидактикалық ойындар.

Сабақтың көрнекілігі: интерактивті тақта, үлестірмелі кәртішкелер.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі

Оқушылармен амандасу.

Оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

- Балалар, қазір қандай сабақ? Бұл нешінші сабақ? Қазақ тілі сабағында қай тілде сөйлейміз? Қазақ тілі қандай тіл? Сондықтан, балалар, барлығымыз қазақ тілін құрметтеп, осы тілде сөйлеуге тырысуымыз керек.

Сұрақтар:

- Балалар! Қазір қай жыл мезгілі?

- Көктем айлары қандай? (наурыз, сәуір, мамыр)

- Көктемде құстар не істейді?

- Көктемде қармен не болады?

Ауа райы қандай?

- Жақсы. Қандай үй жұмысы болды?

2. Үй тапсырмасын тексеру:

202-бет. 1-тапсырма өлең жаттау.

3. - Балалар! Интерактивтік тақтаға назар аударыңдар.

- Нелерді көріп тұрсыңдар?

- Бір сөзбен қалай атаймыз?

- Дұрыс, бұл оқу құралдары.

Біздің сабағымыздың тақырыбы: Оқу құралдарым.

Сабағымыздың мақсаты: оқу құралдары туралы білімдерімізді жинақтап, дидактикалық ойын түрлері арқылы бекіту. /Слайд/

- Балалар! Қарандаршы! Бұл кім, білесіңдер ме?  
- Иә, дұрыс айтасыңдар, «Гоу, Гоу, Диего!» атты мультфильмнің кейіпкері – Диего. Ол орыс тілін, ағылшын тілін жақсы біледі, ал қазақ тілін сендермен үйренгісі келеді. Біздің мектебімізге келгісі келеді.

- Диегоға көмектесеміз бе?

- Ол бізге сөмкесімен келді, бірақ оның ішінде ештеңе жоқ.

- Қалай ойлайсыңдар, онда нелер болуы керек?

- Дұрыс. Оқу құралдары. Сөмкесіне бәріміз де оқу құралдарын салайық.

/Слайд/ Дауыстап қайталаңдар.

- Балалар! Дәптерлеріңді ашыңдар, бүгінгі күнді, айды жазыңдар.

4. Жаңа сөздермен жұмыс істейміз. Оқу құралдар өте көп, әр сабаққа қажетті оқу құралдарымен танысайық.

Оқу құралдары – учебные принадлежности;

Оқулық – учебник;

Бояулар – краски;

Желім – клей;

Сурет дәптері – альбом для рисования;

Үшін – для;

Биыл – в этом году.

5. Оқулықпен жұмыс: 204-б. 1-тапсырма мәтін «Оқу құралдары»

Мұғалім мәнерлеп оқиды, мәтінмен жұмыс:

1-қатар: мәтінді тізбектеп оқы.

2-қатар: мәтінді аудар.

3-қатар: мәтіннен жаңа сөздерді тап.

## Оқу құралдарым

Мен биыл үшінші сыныпта оқимын. Әкеммен кеңсе тауарлары дүкеніне бардық. Дүкеннен оқу құралдарын сатып алдық. Олар: кітап, дәптер, қалам, күнделік, сызғыш, өшіргіш, фломастер, қарындаштар, бояулар. Маған оқу құралдарым ұнайды.

6. Сергіту сәті:

- Кәне, балалар, тұрамыз

Қалам, қарындаш аламыз

Оңға бұрыл, солға бұрыл

Біз демалып қаламыз.

7. - Ал, балалар, қазір біз дидактикалық ойындар жасаймыз.

Тақтаға назар аударыңдар.

1-тапсырма: Сөйлемдерді толықтырып жаз. Балалар бір-бірден шығып тақтаға жазады.

Мен биыл (в третьем) сыныпта оқимын.

Мен (учебные принадлежности) сатып алдым.

Сен (в третий) сыныпқа барасың.

Сен (дневник, тетрадь, карандаши) сатып аласың.

2-тапсырма: «Әрі оқу – әрі ойын». Айтылым.

Мел – бор; хлопок – мақта;

Клетка – тор; доска – тақта;

Бумага – қағаз; карандаш – қарындаш;

Мороз – аяз; сестра – қарындас.

3-тапсырма: Көптік жалғауларын жалғап оқы.

Кітап... күнделік... фломастер...

Дәптер... сызғыш... қарындаш...

Қалам... өшіргіш... бояу...

Сабақты бекіту: - Балалар! Диего бізге тапсырмалары бар көктемгі гүлін сыйлайды.

Тапсырмаларды орындайық./ Оқушылар бір-бірден тапсырмаларды орындайды.

1. - Кітап не үшін керек?

Кітап оқу үшін керек.

2. - Өшіргіш не үшін керек?

Өшіргіш өшіру үшін керек.

3. - Сызғыш не үшін керек?

Сызғыш сызу үшін керек.

4. - Дәптер не үшін керек?

Дәптер жазу үшін керек.

5. - Түрлі-түсті қарындаш не үшін керек?

Түрлі-түсті қарындаш сурет салу үшін керек.

6. - Оқу құралдары не үшін керек?

Оқу құралдары оқу, жазу, сызу, өшіру, сурет салу үшін керек.

- Жақсы, балалар, сұрақтарға жауап бердіңдер, сендерге Диего риза болды. Сендерге бір өлең ұсынады.

Кітап, дәптер, қаламым,

Сөмкеме оны саламын.

Күтетін оқу құралын,

Мен әдепті баламын.

- Дұрыс. Әдепті оқушы барлық оқу құралдарын ұқыпты, таза ұстайды.

Диего бізбен қоштасады. Сау бол, Диего!

Ал біз күнделіктерімізді ашып, үй жұмысын жазамыз.

Үйге тапсырмасы: жаңа сөздермен сөйлемдер құрастыру (жазу), 1-тапсырма. (оқу)

Бағалау.

**Р.БЕКЕШОВА,**

**№8 орта мектебі.**

Ақмола облысы,

Көкшетау қаласы.

## **СЫН ЕСІМ. ЖАСАЛУЫ**

*(6-сынып)*

### **Сабақтың мақсаты:**

Білімділік – сын есім және оның жасалуы туралы ережелерді өз бетімен меңгеріп, бір-біріне түсіндіріп, кесте құрастыру. Сын есім туралы жаттығу жұмысын орындап, бір-бірін бағалау.

Дамытушылық – сын есім туралы шағын дәрісті өз бетімен меңгеріп, есте сақтау қабілетін дамыту. Сын есім тудыратын жұрнақтарды игеру арқылы жазбаша жұмыстарды орындау. Топтық жұмысты дамыту.

Тәрбиелік – тілге деген қызығушылығын дамыту.

Сабақтың түрі: жаңа тақырыпты меңгеру.

Сабақтың әдісі: топтық жұмыс, интербелсенді тақтаны қолдану.

Сабақтың көрнекілігі: интербелсенді тақта.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқу мотивациясы мен белсенділігін қалыптастыру үшін мультфильм көру.

- Басты тақырыбы қандай? (бірлік, достық)

- Бірлік,ынтымақтастық, достық туралы қандай мақал-мәтел білеміз?

Саусақ бірікпей-  
Ине ілікпейді.

Жұмыла көтерген жүк жеңіл.

Тірліктің күші – бірлікте.

Күш-бірлікте, т.б.

Мұғалім: - «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей бүгін сабақта топтық жұмыс жасау арқылы кездескен қиыншылықты бірігіп өтіп, мақсатымызға жетейік.

II. Үй жұмысын тексеру (сұрақ-жауап)

- Аталған сөздер қандай сөз табына жатады?

- Зат есім туралы не білеміз? (ережені тексеру, жазбаша жұмысты тексеру)

III. Жаңа тақырыпты талдау:

Мұғалім: - Бүгінгі тақырыбын келесі өлең жолынан білуге болады.

Анықтаймын заттардың

Дәмін, түсін, сапасын.

Менімен тез байқалып,

Көзге түсіп қаласың.

Әдемі сөйлеп жүріңдер

Қорғаңдар мені, біліңдер!

- Қандай сөз табы туралы айтылған?

- Сын есім екенін қалай білдік?

- Осы тақырыпты талдаған уақытта қандай қиындықтар кездеседі?

- Сын есімнің жасалуы.

Мұғалім: - Бүгінгі тақырып – Сын есімнің жасалуы.

Сендердің айтуларың және менің тақырыбым сәйкес келді.

Уақытты тиімді жұмсау үшін Білемін, Білгім келеді, Білдім деген кестені толтырамыз.

Бірінші сұрақ: сын есім туралы не білеміз?

Білемін	Білгім келеді	Білдім

(Мұғалім тақтаға жазады)

- Бүгін не білгіміз келеді? Сабақтың мақсатын қойып шығайық.

- Сонымен сабақтың мақсаты: Сын есімнің жасалуы: мағыналық түрлері, сын есім тудыратын жұрнақтар.

- Не білгім келеді сұрағына жауап беру үшін шағын дәріс оқу арқылы жауап береміз. (топтық жұмыс)

#### Сын есім

Заттың сынын, сипатын, сапасын, түр-түсін, көлемін білдіріп, қандай? қай? сұрақтарын жауап беретін сөз табы сын есім деп аталады. Тұлғасына қарай - негізгі, туынды (тәтті, оқымысты); құрамына қарай- дара, күрделі (малды, қара торы) сын есім болып бөлінеді. Мағынасына қарай:

1) Сапалық – заттың сын-сипатын анықтайтын сын есім. Мысалы: сұр, жақсы, үлкен.

2) Қатыстық – басқа сөз таптарынан жұрнақ арқылы жасалған туынды сын есім. Мысалы: өнерлі адам, аспалы шам, ашық есік.



Сапалық сын есімнің салыстырмалы, күшейтпелі, асырмалы шырайлары бар.

Туынды сын есім жасайтын жұрнақтар:

1) Есім сөздерден сын есім жасайтын жұрнақтар: -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті; -сыз, -сіз; -ғы, -гі, -қы, -кі; -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік; -шыл, -шіл; -дай, -дей, -тай, -тей; -қой, -қор, -паз, -кер, -гер; и, ы, і.

2) Етістіктен сын есім жасайтын жұрнақтар: -ғақ, -гек, -қақ, -кек, -ақ, -ек; -ық, -ік, -қ, -к; -ғыш, -гіш, -қыр, -кір; -шақ, -шек; -ынды, -інді, -нды, -нді; -малы, -мелі, -палы, -пелі, -балы, -белі; -ымды, -імді, -мды, -мді; -аған, -еген; -улы, -улі; -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе; -ыңқы, -іңкі, -ңқы, -ңкі.

3) Үстеуден сын есім жасайтын жұрнақтар: -қы, -кі, -ғы, -гі.

Сын есім өзінің сындық мағынасын сақтап, оның үстіне заттық мағынаға ие бола алады және сөйлемде зат есім қызметін атқарады. Мысалы: күштімен (кіммен?) алыспа, үлкенді (кімді?) сыйла. Білімді (кім?) мыңды жығады.

(Оқушыларға сын есім туралы шағын мәтін таратылады)

1) Оқушылар жеке өздері оқиды (2 оқушы 5 минут)

2) Бір-біріне айтып береді. (2 минут) (мұғаліммен бірге шағын қорытынды жасалады)

Кестенің Білдім деген бөлімі бос тұр, оны толтыру үшін топта сын есім туралы кесте жасау керек.

1. Ереже туралы кесте жасау. (6 оқушы топтық жұмыс)

2. Тақтаға шығып, өз кестесін қорғай білу және қай кесте сын есім туралы толық мәлімет беретінін анықтау.

- Кесте арқылы сіздер жаңа тақырыпта қалай меңгергендеріңді көрсетесіздер. Ең жақсы кестені практикалық жұмыста қолдана аламыз.

- Кестені толық толтырдық, енді қолдану жұмыстарын орындайық.

#### IV. Қолдану.

Оқулықтың 67-беті 133-жаттығу.

Берілген сын есімдердің сындық белгілерін анықтау. Негізгі және туынды сын есімдерді бөлек жазу.

Негізгі сын есім	туынды сын есім
Қысқа	тоғайлы
Жүйрік	қысқы
Биік	еңбекқор
Үлкен	өнерпаз
Аласа	әдепті
Жаман	аспалы
Жалқау	гүлді

Сергіту сәті. Жаңылтпашты үйрену

Сыныпта ақ бор бар

Көк бор бар

Көп бор бар

1. Іштей оқимыз.

2. Сыбырлап оқу.

3. Жарты дауыспен оқу.

4. Дауыспен оқу.

## Жаттығу жұмысы

№	мысалдар	Негізгі сын есім	Туынды сын есім	Дара сын есім	Күрделі сын есім	Сапалық сын есім	Қатыстық сын есім
1	биік	+		+		+	
2	таулы		+	+			+
3	қара торы		+		+		+
4	ұялшақ		+	+			+
5	қой көзді		+		+		+
6	сөзшең		+	+			+
7	әсемпаз		+	+			+
8	ашық		+	+			+
9	ардақты		+	+			+
10	балалы		+	+			+
11	сұлу	+		+		+	

Бағалау 9-11 жауап- «5»

6-8 жауап- «4»

4-5 жауап – «3»

Орындау, бір-бірін бағалау.

**137-жаттығу:** сын есім жұрнақтарын жалғап, туынды сын есім жасау.

Жауырын+,ды, ұйқы-шыл, қыс-қы, бой-лы, көрікті, тарих-и, қала-лық, киім-шең,білім-ді, жол-,құм-ды.

**V. Сабақты қорыту:** Рефлексия:

Мен үйрендім...

Маған ұнағаны....

Мен үшін қиын болғаны....

Өкінішке орай....

**VI. Бағалау.**

**VII. Үй жұмысы:** ереже, 134-жаттығу, 67-бет.

Ж.АМАНЖОЛОВА,  
№127 Ш.Уәлиханов атындағы  
орта мектеп-лицейі.  
Қызылорда облысы,  
Шиелі ауданы.

## КӨКӨНІСТЕР МЕН ЖЕМІСТЕР

Сабақтың мақсаты: білімділік – қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтқызып үйрету, сауатты жазуға мән беру, «Күз», «Көкөністер мен жемістер» тақырыбы бойынша оқушыларға мәтінді толық, дұрыс әңгімелей білуді меңгерту; дамытушылық – оқушылардың ойлау жүйесін дамыту, жаңа технологияның ойын түрлерін қолдана отырып, ауызекі сөйлеу дағдысын ұштау, сөздік қорларын байыту, оны өмірде пайдалана білуін көздеу; тәрбиелік – тілге деген сүйіспеншілігін арттыру, «Жер-Ананы» құрметтеуге баулу, табиғатты қорғау және еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Сабақтың міндеттері:

1. Ойын арқылы жаңа сөздерді меңгерту.
2. Күз, көкөністер мен жемістер туралы кең түрде әңгіме құрауға үйрету.

Сауатты жазуға мән беру.

Сабақтың типі: жаңа білімді меңгерту.

Пәнаралық байланыс: орыс тілі, қазақ әдебиеті, география, технология.

Оқыту әдістері: сұрақ-жауап, іздендіру, әңгімелеу, ойын түрлері.

Көрнекілігі: оқулық, суреттер, ұнтаспа, мультимедиялық құрылғы.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Оқушыларды түгелдеу.
2. Психологиялық тренинг.

II. Жаңа сабақ.

Проблемалық сұрақтар қою арқылы хабарды, мәліметті оқушылардан алу.

- Балалар, бізді өмірге әкелген кім?
- Ана.

- Адамның неше анасы бар?

- Адамның екі анасы болады.

- Бәріміз анадан жаралғанбыз, ал бар адамзаттың анасы – Жер-Ана. Бірі – сүт беріп, ауыздандырады. Екіншісі – нан беріп, әлдендіреді. Жер-Анамыз дейтін себебіміз, ішетін суымыз, жейтін нанымыз жердікі. Адамға қажеттінің бәрі жерде өнеді. Сондықтан, жер – бәріміздің асыраушы анамыз.

- Балалар, жер қандай өнім береді? (оқушылар сурет бойынша жауап береді)

- Бидай, жемістер, пайдалы қазбалар.

- Суреттегі себеттің ішінде не бар?

- Көкөністер мен жемістер.

Бүгінгі тақырыбымыз – Көкөністер мен жемістер.

Көкөністер мен жемістер де жерде өнеді, дастарқанға оңай жолмен келмейді. Егін егу үшін жер керек. Жердің өзінің иесі болады. Елімізде Жер туралы Заң бар.

Біздің де мектеп ауласында тиесілі жеріміз бар. Бүгінгі сабағымызда осы жерді өндеп, егін егіп, піскен өнімді жинап алуымыз қажет. Ол үшін жерді

жыртып, тегістеу жұмысын жүргіземіз. Жерді жырту үшін Жер – Ана сіздерге жұмбақ жасырады.

Жұмбақ

Бір ағаштың 12 бұтағы бар,

Әр бұтағында 30-дан жапырағы бар.

Жапырақтарының 1 жағы ақ,

Бір жағы қара.

(жыл, ай, күн мен түн)

- Бір жылда он екі ай болса, неше жыл мезгілі бар?

(қыс, көктем, жаз, күз)

- Балалар, осы жыл мезгілдеріне арнап, ақын-жазушылар өлең жазған. Мысалы: А.С.Пушкин «Золотая осень» деп жырласа, Левитан «Золотая осень» деп аталатын ғажайып картина жазған. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы жылдың төрт мезгіліне де өлең арнаған және табиғатты адам кейіпінде бейнелеген.

- Бір жылда төрт мезгіл болса, егінді қай кезде егеміз?

- Көктемде.

- Егін егу үшін, Жер-Ана сендерді жаңа сөздермен таныстырады.

Сөздік:

Көкөністер – овощи;

Жемістер – фрукты;

Жидектер – ягоды;

Астық – урожай;

Егіс – посевное поле;

Таңқурай – малина;

Құлпынай – клубника;

Қарақат – смородина;

Пісу – поспевать;  
Еңбектену – трудиться.  
Фонетикалық жаттығу.

«Моншақ тізу» ойыны.

Ойынның шарты: жуан түбірлі сөздерді бір қатарға, жіңішке түбірлі сөздерді екінші қатарға тізу.

Тыңдалым.

Үнтаспадан мәтінді тыңдап, мазмұнын айту.

Базарда

Бүгін жексенбі күні. Әлішер үйге көкөніс, жеміс-жидек алу үшін базарды аралап жүр. Сөрелерде жемістерден қызыл алма, сап-сары алмұрт, шабдалы, өрік, қара өрік, жидектерден құлпынай, таңқурай, шие, қызыл шие, қарақат та үйіліп жатыр. Енді бір сөрелерде көкөністен картоп, қырыққабат, сәбіз, пияз, сарымсақ, қияр, қызанақ, бұрыш, қызылша жатыр. Базардың іші мен сыртында қауын, қарбыз, асқабақтан аяқ алып жүре алмайсың.

- Жарайсыңдар, балалар! Егінді егіп болдық. Енді оны суарып, баптауымыз керек, ол үшін Жер-Ананың салып жіберген суреттері бойынша жұмыс жасаймыз.

Суретпен жұмыс.

Тапсырманы тақтада орындайды.

1. Астық егістікте өседі.

2. Жемістер: алма, алмұрт, өрік бақта өседі.

3. Көкөністер: қырыққабат, қызанақ, картоп, жидектер: құлпынай, таңқурай, қарақат бақшада өседі.

- Балалар, Жер-Ананың тапсырмасын жақсы орындадыңдар.

- Егін қашан піседі?

- Күзде.

- Көкөністер мен жемістерді жинау үшін, оқулықтың 34-бетіндегі 2-тапсырма бойынша мәтінді оқып, қазақ тіліне аударамыз.

Осенью

Наступила осень. Пожелтели листья, завяли цветы. Часто идут дожди. Надо быстро убрать богатый урожай. Люди трудятся не жалея сил. В садах и огородах собирают фрукты, овощи. Дети помогают родителям собирать урожай.

- Балалар, Жер-Ана келесі тапсырманы береді.

«Сөзді әшекейле» ойыны.

Ойынның шарты: зат есімге сын есімді тауып қой.

Жемістер –

Көкөністер –

Жидектер –

Жаңылтпашты жаңылмай айт:

Көп көкек

Көкектеп,

Көктем келді.

Көк базарда күзде бәрі бар,

Барып, бәрін, бәрін ал.

Көкөністерді тұздау, жеміс-жидектерден тосап қайнату, шырын алу жұмыстарын жасау үшін Жер-Ана деңгейлік тапсырмалар ұсынады.

Деңгейлік тапсырмалар

III деңгей  
Берілген  
сөздерден туынды  
түбір жаса. Оқу,  
ас, егіс, күз.  
2. Жаңа сөздерді  
мәнерлеп оқы.

II деңгей  
Сөздердің түбірін  
тап. Бақша,  
жаңбырлы, күздік,  
егістік, бұлтты,  
астық.  
2. Күз туралы  
әңгімеле.

I деңгей  
“Бақта”,  
“Бақшада”  
тақырыптары  
бойынша әңгіме  
кұрап айтып  
бер.

Сергіту сәті.

Ойын: “Фруктовый салат”.

Ойын шарты: оқушылар көкөніс, жеміс-жидек түрлерін айтып, 3 топқа бөлінеді. Жүргізушінің нұсқауымен бір-бірімен орын алмастырады.

Бекіту:

Пысықтау сұрақтары:

1. Бүгінгі сабақта біз не туралы әңгімеледік?
2. Қандай жемістер, көкөністер, жидектер күзде піседі?
3. Күзде ауа райы қандай болады?
4. Көкөністер мен жемістердің адам баласына қандай пайдасы бар?

Қорытындылау.

Бағалау.

Үйге тапсырма: 1. “Күз” мәтінін оқу, грамматикалық тапсырмаларды орындау.

2. “Көкөністер мен жемістер” тақырыбына диалог құру.

## ЖАҚТЫ СӨЙЛЕМ

(8-сынып)

Мақсаты: білімділік – жай сөйлемдердің құрылымына қарай бөлінетін түрлерін түсіндіру. Жаңа сабақты меңгерту, өткен сабақтармен байланыстыру. жақты сөйлемнің ерекшелігін таныту, оқушының өзіне талдату арқылы өздігінен қорытынды шығару; дамытушылық – дүниетанымын, ой-өрісін кеңейту; тәрбиелік – ұжымдасып еңбектенуге, елжандылыққа тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: жаңа білімді меңгерту. Әдісі: түсіндірмелі, сұрақ-жауап, тест, жаттығу, талдау, топтастыру. Көрнекілігі: интерактивті тақта. Пәнаралық байланыс: әдебиет.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі: амандау; түгелдеу; оқушыларды сабаққа даярлау.

Үй жұмысын тексеру: «Қыс мезгілін суреттеу» тақырыбында шағын шығарма жазып келу.

- Балалар, өткен сабақта біз сендермен қандай тақырыпты өттік?

- Жай сөйлемдерге түсінік бермес бұрын, алдымен сөйлемге анықтама беріп кетейік. Сөйлемге тән белгілер қандай?

- Сөйлем бастауыш - баяндауыштық құрылымына қарай қалай бөлінеді?

- Әр түріне түсінік беріңдер? Мысал келтіріп дәлелдендер?

- Жай сөйлемдердің өзі қалай бөлінеді?

- Енді, балалар, жаңа тақырыпты бастамас бұрын тақтадағы берілген сөзжұмбақты шешу арқылы бүгінгі өтілетін сабағымыздың тақырыбын ашайық!

Сөзжұмбаққа қатысты сұрақтар:

1. Толықтауыш мүшесінің мағыналық түрі.

2. Сөйлемде атау септігінде тұрып, іс-оқиғаның иесін білдіретін қай мүше?

3. Сөйлемнің құрамында өзге сөздермен байланысқа түспейтін, сондықтан сөйлем мүшесі қызметін атқара алмайтын сөздер.

4. Тіл дыбыстарын зерттейтін сала.

5. Бастауыш пен баяндауыштың байланысуы.

6. Абайдың философиялық бағыттағы прозалық шығармасы.

7. Айтылу мақсаты мен сазына қарай сөйлемдер неше түрге бөлінеді?

8. Мына берілген үзінді қай ақындікі?

Зар зар заман, зар заман,

Зарлап өткен бір заман...

Әуелгі қорлар зор болды,

Сондай зорлар қор болды.

9. Билеті барлар орындарына жайғасты.

10. Мұң мен өкінішке толы өлең.

11. Затты не құбылысты айшықты, бейнелі таныту үшін оны екінші бір ұқсас затқа, құбылысқа балау тәсілі.

Жаңа сабақ:

1) сабақтың мақсатын айту;

2) тақырыпты ашу.

Жақты сөйлем дегеніміз-бастауышы бар, жасырынып тұрғанда да баяндауыш арқылы табуға болатын сөйлем.

Жақты сөйлемнің құрамында тек тұрлаулы мүшелер ғана емес, сонымен қатар тұлаусыз мүшелер қатысуы мүмкін.

Бастауышы бар жай сөйлемдер:

Арада сүт пісірімдей уақыт өтеді.

Қара тастар жалын татып жанып жатыр.

Кітап - білім бұлағы.

Бастауышы жасырынып тұрған жай сөйлемдер:

Сен Ертең мұнда кел.

Ол Дос жүрегіне сенеді.

Тақтада жасырынып берілген мақал –мәтелдердің жалғасын тауып, тұрлаулы мүшелердің астын сызу.

1. Тіл -қылыштан өткір.

2. Ақыл- тозбайтын тон.

Білім -таусылмайтын кен.

3. Ақыл көпке жеткізер,

Өнер көкке жеткізер.

4. Ұстаздан шәкірт озар.

Бекіту: оқулықпен жұмыс.

85-бет, 71-жаттығу.

85-бет, 72-жаттығу.

Төмендегі берілген жақты сөйлемдерді сөйлем мүшесіне талдап, сөздердің байланысу түрін анықтаңдар.

Оның бала-шағасы қалаға келіп кетті.  
Бала –шағасы келіп кетті – қиысу  
Оның бала –шағасы – матасу  
Қалаға келіп кетті – жанасу  
Ол той - думанды қызықты өткізді.  
Ол өткізді – қиысу  
Той –думанды өткізді – менгеру  
Қызықты өткізді-жанасу  
Жанаттар осы жарыста жеңіп шықты.  
Жанаттар жеңіп шықты – қиысу  
Осы жарыста – қабысу  
Жарыста жеңіп шықты - жанасу  
Оқу инемен құдық қазғандай.  
Оқу қазғандай – қиысу  
Инемен қазғандай- менгеру  
Құдық қазғандай- менгеру  
Қорытынды: тест тапсырмалары. 15 сұрақ.  
1.Бастауышы бар жақты сөйлемді көрсетіңіз:  
А) Уақытын жоспарлай білуі керек.  
Б) Кәсіпкерлік жылдам дамиды.  
С) Жұмысты тез орындаймыз.  
2. Жанама толықтауышты табыңыз:  
А) кәсіптеріне;  
Б) қаржыны;  
С) табады.  
3. Бастауышы зат есімнен болған жақты сөйлемді табыңыз:  
А) Олар туралы оқығанмын.  
Б) Үлкендер бір ауыздан қолдады.  
С) Адам туған жерін аңсайды.

4. Қабыса байланысқан сөз тіркесін көрсетіңіз:  
А) кеше болды;  
Б) ауыл тұрғындары;  
С) қызықты оқиға.  
5. Арасына сызықша қойылатын сөйлемді көрсетіңіз:  
А) Сусыз өмір жоқ.  
Б) Балқаш көлі ең таза көл.  
С) Су тіршілік көзі.  
6.Құрамына қарай жай сөйлем түрлерінің жалпы санын көрсетіңіз.  
А) 7;  
Б) 3;  
С) 4.  
7. Жақты сөйлемді табыңыз:  
А) Оның Астанада оқығысы келеді.  
Б) Қазақстан жылдам дамиды.  
С) Ертең сабаққа барғысы келмейді.  
8.Бұйрықты сөйлемді көрсетіңіз.  
А) Тиыннан теңге құралады.  
Б) Ақшаны үнемдей біл.  
С) Теңге үнемді сүйеді.  
9. Сөйлемнен қиыса байланысқан сөз тіркесін көрсетіңіз:  
Біз кеше мұражайға бардық.  
А) кеше бардық;  
Б) Біз бардық;  
С) мұражайға бардық.  
10. Баяндауыш қай сөз табынан жасалғанын көрсетіңіз.  
Қымыз қандағы гемоглобинді көбейтеді.

- А) етістік;  
Б) сын есім;  
С) есімдік.
11. Бастауышы тұйық етістік, баяндауышы зат есімнен жасалған сөйлемді көрсетіңіз:  
А) Айту – біздің парызымыз.  
Б) Еске салу – жақсы.  
С) Тез жазу керек.
12. Дара бастауышы бар сөйлемді белгілеңіз:  
А) Біз бірлікті тойлаймыз.  
Б) Қазақ халқы егемендік алды.  
С) Үй іші жым –жырт болды.
- 13.Тура толықтауышты табыңыз:  
Сәуле дүкеннен қызық кітап сатып алды.  
А) дүкеннен  
Б) кітап  
С) қызық
- 14.Дара бастауышы бар сөйлемді табыңыз:  
А) Ұлжан –сыншыл адам.  
Б) Келе жатқан –Жамал.  
С) Оның еңбегі жанды.
15. Бірыңғай толықтауышты табыңыз:  
А) Тәрбие тілден басталады.  
Б) Ақан жастайынан әнге, өлеңге, домбыраға әуес болды.  
С) Бозторғайлар жер бауырлай ұшады.  
Бағалау.

Тест тапсырмаларының көрсеткішіне қарап бағалау.

1. Бағалау өлшемдері:

0-29-2

30-50-3

51-75-4

76-100-5

2. Сабақта белсенді, әрі жақсы қатысқан оқушыны тиесілі бағалау.

Үй тапсырмасын орындауына көңіл бөлу.

Үй тапсырмасы: 84-бет, 70 жаттығу.



**Б.АМАНГЕЛЬДИНА,**  
**А.С.Пушкин атындағы**  
**№3 көпсалалы мектеп-лицей.**  
Ақмола облысы,  
Степногорск қаласы.

## **ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ – БАРШАНЫҢ МІНДЕТІ**

**Мақсаты: білімділік** –Қазақстан табиғаты жөнінде алған білімдерін толықтырып, қоршаған ортаны сақтау мәселесін көтеру. Практикалық тәсілмен есімдіктердің түрлерін пысықтау; **дамытушылық** – сөздік қорын молайту, сөйлеу дағдысын сұрақ-жауап арқылы қалыптастыру, жаттығулар арқылы білімдерін көтеру, ой-өрістерін дамыту; **тәрбиелік** –



табиғатты, қоршаған ортаны сақтау, Отанына, еліне сүйіспеншілігін арттыру, отаншылдық сезімін ояту.

Сабақтың түрі: нәтиже сабақ.

Сабақ барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

Қазір қай жыл мезгілі? Бүгін нешесі? Бүгін ауа райы қандай?

2. Өткенді қайталау:

- Балалар, өткен сабақтарда біз не туралы әңгімеледік?

Өткен сабақта біз табиғат туралы, қоршаған ортаны сақтау туралы әңгімеледік.

Бүгінгі сабақтың тақырыбы:

**«Табиғатты қорғау – баршаның міндеті»**

*Отан деген – туған жер,*

*Орман, тоғай, шалқар көл.*

*Табиғатты аяла,*

*Күтіп, бапта, қамқор бол.*

- Алған білімдерімізді «Көкпар» ойыны арқылы пысықтап жіберейік. Мына нөмірлердің артында сұрақтар жазылған, кез келген сұрақты таңдауыңызға болады. Кәне, сұрақ таңдайық.

«Көкпар» ойыны

1. Адамның дені сау болу үшін не керек?

- Қоршаған орта, табиғат таза болу керек.

2. Бүгінде жер бетіндегі өзекті мәселе не болып тұр?

- Экология мәселесі өзекті болып тұр.

3. Экология деген не?

- Экология – бұл жеке ғылым, дербес қоршаған орта мен табиғаттың адамдармен қарым-қатынасы.

4. Қоршаған ортаны қорғаудың мақсаты қандай?

- Оның негізгі мақсаты – табиғатты қорғау мәселесіне жұртшылықты шақыру.

5. Табиғат туралы қандай қанатты сөздерді білесіңдер?

- Табиғат – тал бесігім. Адамның табиғатсыз күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ. Жер – қазына, су – алтын, мал – байлық. Жері байдың – елі бай.

6. Есімдік деген не?

Есім сөздердің орнына қолданылатын сөздер **есімдік** деп аталады.

7. Есімдіктің неше түрі бар. Түрлерін атаңдар?

- 7 түрі бар. Жіктеу, сұрау, сілтеу, өздік, жалпылау, белгісіздік, болымсыздық.

8. Бурабай көлі Қазақстанның қай жерінде орналасқан?

- Бурабай көлі Көкшетау жерінде орналасқан.

9. Қоршаған ортаны қорғаудың дүниежүзілік күні қай күні?

- 5-маусым Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні.

- Жарайсындар, барлық сұраққа жауап бердіңдер.

Сонымен, бүгінгі сабақта біз табиғат және табиғат байлықтарын келешек ұрпаққа сақтау, аманат ету туралы айтамыз.

2. Сөздік қорымызды қайталайық.

окружающая среда –

будущее –

проблема –

актуальная –


воздух –

сокровища –  
защищать –  
долг –  
гражданский –  
обязанность –

Чистый воздух, красивая природа, защищать природу, защищать окружающую среду, гражданский долг, народное сокровище, будущее страны (еліміздің болашағы), актуальная проблема, Зеленая страна.

3. Қазір, балалар, ойды түйіндеп, келесі тапсырманы орындаймыз.

### СЫЗБА-ЕСІМДІКТЕР



4. - Келесі тапсырманы орындайық. Берілген сөз тіркестерде есімдіктің түрін анықтаңдар.

Менің Отаным, ана жер, әрқашан күн сөнбесін, барлық халық, ешқашан ұмытпаймыз, қандай сұлу табиғат, өзіміз қорғаймыз, мынау – Бурабай көлі, біздің азаматтық борышымыз, табиғатты қорғау – баршаның міндеті.

### 5. Деңгейлік тапсырмалар.

#### 3-деңгей.

Сөз тіркестерін құраңдар. Есімдік + зат есім. Сын есім+ зат есім. Зат есім+ етістік. Сан есім + зат есім.

#### 2-деңгей.

“Табиғат” тақырыбына «5 жол - өлең».

#### 3-деңгей.

Қазақстанның табиғаты туралы әңгімелеңдер.

#### 6. Мәтінді оқып, аударыңдар.

7. Осы мәтінге сәйкес назарымызды өздері дайындаған жобаға аударайық. Сыныбымызды үш топқа бөлеміз.

1-топ – «Эколог» тобы.

2-топ – «Жасыл ел» тобы.

3-топ – «Жас тілші» тобы.

– Сөзді «Эколог» тобына береміз.

8. Топпен жұмыс. Әр топқа тапсырма беріледі. Мақал-мәтелдерді жинап алыңдар.

9. Табиғат адамзат баласының өміріндегі ең басты тіршілігі. Табиғат адамға өмірді тарту етті, оның жомарттығы мен қайнар көзі болып саналады. Сол сияқты адамға ана да өмір сыйлады, адамзаттың бойындағы барлық қасиетті ана мен табиғат бірдей жаратты деуге болады.

Табиғат-Ана сөздерін сәйкестендіру.

- Тірі дүние, әдемі, аялы алақан, жаратушы, мейірімді, алтын бесік, тірі жан, экология, ауа.

Дұрыс-Бұрыс

1. Біздің қоршаған орта тап-таза.

2. Табиғат – тірі дүние.
3. Су бар жерде – тіршілік жоқ.
4. Орман ауаны тазартпайды.
5. Табиғаты сақталған халықтар ұзақ өмір сүреді.

**11. Тест.**

1. Табиғат адамдардан қамқорлық

- а) күтеді;
- ә) талап етпейді;
- б) қажет етпейді.

2. Белгісіздік есімдігін табыңыз:

- а) біреу;
- ә) анау;
- б) бәрі.

3. Су бар жерде -... бар.

- а) тіршілік;
- ә) дала;
- б) бұлт.

4. Есімдіктердің түрін анықтаңдар: бәрі, бүкіл,

барлық:

- а) сілтеу;
- ә) белгісіздік;
- б) жалпылау.

5. Табиғат – алтын ...

- а) жер;
- ә) бесік;
- б) жаңбыр.

6. Сұрау есімдігін табыңыз:

- а) сол;
- ә) нешінші;
- б) біздің.

7. Жаңбырмен ... көгереді,

Батамен ел көгереді.

а) өзен;

ә) жер;

б) тау.

«Жасыл ел» плакаты көрсетіледі.

- Бүгін біз табиғат туралы әңгімеледік. Қазақстанның табиғаты өте бай екендігін білеміз. Ал осы барлық табиғат байлықтары кімнің байлығы болады?

- Бұл байлық – халық байлығы.

Табиғатты, қоршаған ортаны сақтау туралы Қазақстан Республикасының Ата Заңында да айтылған, өйткені, бұл біздің жеріміз, Отанымыз.

*Отан деген – туган жер,*

*Орман, тоғай, шалқар көл.*

*Табиғатты аяла,*

*Күтіп, бапта, қамқор бол.*

«Жері байдың – елі бай» деген қазақ халқы. Өзіміз осы байлықты сақтасақ, көпке жетеміз.

Байлықты келешек ұрпаққа жеткізу үшін біз не істеуге міндеттіміз?

Бұл жауап беру үшін біздің Отанымыз – жасыл ел болсын деп, осы плакатты толтырамыз.

Табиғатты қорғау үшін бәріміз

Күресейік, бір-бір ағаш егейік.

**Текке отырмай жасымыз бен кәріміз**

**Таза ауа үшін терімізді төгейік!**

**БАҒАЛАУ.**

**Үйге тапсырма:** «Таза болса табиғат – аман болар адамзат».

**К.БАТЫРҒАЛИЕВА,  
№1 жалпы орта білім  
беретін мектеп.**

Батыс Қазақстан облысы,  
Ақжайық ауданы,  
Чапаев ауылы.

## ҚОС СӨЗДІ ҚАЙТАЛАУ

*(9-сынып)*

Сабақтың мақсаты:

М.Мәметованың мұражайымен таныстыру. «Қос сөз» тақырыбын қайталау.

Сабақтың міндеті:

Білімділік: Оқушыларға М.Мәметованың мұражайы туралы түсінік беру.

Дамытушылық: өз ойларын еркін айтуға үйрету, сөздік қорларын молайту, ойлау қабілеттерін дамыту. «Қос сөз» тақырыбы бойынша тапсырмаларды орындай отырып, білімдерін бекіту.

Тәрбиелік: оқушыларды мұражаймен таныстыра отырып, Отанын, өз елін сүйге, құрметтей білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: слайд, интерактивті тақта, компьютер, семантикалық карта, тест.

Күтілетін нәтиже:

М.Мәметова атындағы мұражай туралы білу.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру бөлімі.

Сынып оқушылары екі топқа бөлінеді.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

III. Еліңді сүйсең ерлік істе.

Мақалды қалай түсінесіңдер? (оқушылар ойлары)

1-топ. Ерлік туралы мақал-мәтел.

2-топ. Батырлардың есімдерін атау.

IV. Мұғалімнің кіріспе сөзі.

Биыл Жеңіс күніне 70 жыл.

Мәншүк Мәметова 1922 жылы Гурьев облысы Орда ауданында туған. Туған кезінде оған Мәнсия деген есім берілген. Мектепті бітіргеннен соң М.Мәметова медицина институтына оқуға түсті. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталды. Сол кезде Мәншүк 18 жасында болды. Ол майданға бару, Отанды қорғайтын әскер қатарында болу жайында шешім қабылдады.

1943 жылы 15 қазанда Псков облысындағы Невель қаласын азат ету ұрыстарында Изоча станциясы жанында 173,7 биіктікте аға сержант Мәншүк Мәметова қаза тапты. 1944 жылғы 1 наурыздағы Кеңес Одағының Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы жарлығы бойынша Мәншүк Мәметоваға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

V. Әр топ М.Мәметова туралы мәтінімен танысып шығады және мәтін бойынша екі сұрақтан кұру.

1982 жылы 7 шілдеде Орал қаласында Мәншүк Мәметова атымен аталған Мемориалдық мұражай ашылды. Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметованың мұражай-үйі облыстық тарихи-өлкетану мұражайына қарайды. Мұражай ғимараты ХІХ ғасырдың тарих пен мәдениет ескерткіші болып табылады. Дәл осы үйде Мәметовтар отбасы 1932 жылдан бастап 1934 жылға дейін тұрды.

Мұражай экспозициясында Мәметовтар отбасының тұрмысы мен ішкі көрінісі, орындықтар, айна, сандық, ыдыс, «Zinger» тігін машинасы, қобдишалар, кестелер, хаттар, жеке самаурын және т.б. Осында Мәншүктің анасы Әмина Сүлейменова тапсырған бірегей, түпнұсқалық экспонаттар орналасқан.

Мұражайдың негізгі экспозициясы 5 залдан тұрады. Оның негізі – Ұлы Отан соғысының барысы, 1941-1945 жылдары Орал бойындағы Батыс Қазақстандықтардың қатысуы, жерлестеріміздің фашизмді жеңуге қосқан үлесі.

Мұражай Қазақстан Республикасындағы жалғыз «Мәншүктің өшпес ерлігі» диорамасы болып табылады, оның авторы Мәскеу қаласындағы Греков атындағы әскери студияның суретшісі Ананьев Михаил Ананьевич, диорама 1993 жылы 22 маусымда ашылған.

Мұражай топтамасында 2000-нан астам экспонат орналасқан, олардың арасында М.Мәметованың алты

түпнұсқалық хаттары, Мәншүктің аты жазылған түпнұсқалық қамшы бар. Бұл қамшы бәйгелердің бірінде жеңгені үшін сыйлық ретінде берілген.

Мұражай қызметкерлері Мәншүк Мәметоваға қатысты кез келген материалды жинап отырады, олардың арқасында болашақ ұрпақ оның өмірі мен ерлік жайындағы тарихы туралы біле алады.

VI. Сұрақтарға жауап беру:


- М.Мәметова туралы не білдіңдер?
- Оған Кеңес Одағының Батыры атағы қай жылы берілді?
- Мұражай қай жылы, қай ғимаратта ашылды?
- «Мәншүктің өшпес ерлігі» диорамасының авторы кім, ол қай жылы ашылды?
- Мұражай топтамасында қанша экспонаттар орналасқан?

VII. Мәтіннен қос сөз теріп жазу.

VIII. Қос сөз ережесін қайталай отырып, тапсырманы орындау.

1-топ





**IX.** Берілген қос сөздерді топтап жазу. Кезек-кезек, ата-баба, үп-үлкен, быт-шыт, тап-таза, тау-тас, іркес-тіркес, тып-тыныш, күте-күте, қырқа-қырқа, салдыр-гүлдір.

**X. Семантикалық карта:**

Мысалдар	Еліктеу мәніндегі қос сөздер	Дыбыстық өзгеріске ұшыраған қос сөздер
Ет-мет		
Жалт-жұлт		
Тарс-түрс		
Шай -пай		
Ат-мат		

Мысалдар	Еліктеу мәніндегі қос сөздер	Дыбыстық өзгеріске ұшыраған қос сөздер
Жарқ-жұрқ		
Түйе-мүйе		
Сатыр-гүтір		
Былқ-сылқ		
Сыбыр-гүбір		

**XI. Тест тапсырмаларын орындау.**

**1. Күрделі сөздің неше түрі бар?**

- A) 4;
- B) 3;
- C) 5;
- D) 6;
- E) 2.

**2. Қос сөздің неше түрі бар?**

- A) 4;
- B) 3;
- C) 5;
- D) 6;
- E) 2.

**3. Бір сыңары қосымшалы, бір сыңары қосымшасыз қайталама қос сөзді табыңыз?**

- A) Жақын-жақын;
- B) Көре-көре;
- C) Қып-қызыл;
- D) Көзбе-көз;
- E) Сыбыр-сыбыр.

**4. Сөздердің қосарланып немесе қайталанып қолданылуы арқылы жасалған сөздердің аталуы.**

- A) Кіріккен сөздер;
- B) Біріккен сөздер;
- C) Қос сөздер;
- D) Тіркесті сөздер;

Е) Қысқарған сөздер.

**5. Қос сөзді белгіле?**

- А) Жаздыгүні;
- В) Ауыл-аймақ;
- С) Қостанай;
- Д) Торы ала;
- Е) Қысқы киім.

**6. Ойын атауына байланысты біріккен сөздерді табыңыз?**

- А) Сарыжайлау;
- В) Баспасөз;
- С) Балтамтап;
- Д) Бәйтерек;
- Е) Ақбозат.

**7. Қос сөздер қалай жазылады?**

- А) Бірге;
- В) Бөлек;
- С) Тіркесу;
- Д) Қосарлану;
- Е) Қосымша жалғануы арқылы.

**XII. Үй тапсырмасы: мәтінді оқып, мазмұнын айту.**

Ережені қайталау.

XIII. Оқушыларды бағалау.

XIV. Рефлексия.

XV. Оқушыларды бағалау. Сабақ қорытындысы.

## ЕТІСТІКТІ ҚАЙТАЛАУ

I. Сабақтың мақсаты:

1. Білімділік: оқушылардың етістік туралы бұрыннан алған білімдерін еске түсіру.

2. Дамытушылық: оқушылардың сөздік қорын молайтып, ойын арқылы тілін, шығармашылығын дамытып, дербес жұмыс жасауға үйрету. Өз ойын тез әрі жүйелі жеткізуге дағдыландыру.

3. Тәрбиелік: оқушыларды ұқыптылыққа, жинақтылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Сабақтың әдісі: түсіндіру, сұрақ-жауап әдісі, өз бетімен жұмыс істеу.

II. Сабақтың барысы:

Сабақтың өтілу моделі.

I. Мақсаты.

II. Сабақтың барысы.

III. Ұйымдастыру кезеңі.

IV. Психологиялық дайындық.

V. Ой шақыру.

VI. Тапсырмалармен жұмыс.

VII. Бекіту.

VIII. Қорытындылау.

IX. Бағалау.

II топқа бөлініп отырайық. I топ-Жігер

II топ-Қайрат

Әр топ өз араларынан Спикер тағайындайды.

III. Ұйымдастыру кезеңі.

- Осы жылдың қай мезгілі?
- Күз мезгілінің айларын ата?
- Күзде қандай өзгерістер болады?
- Бүгін ауа райы қандай?

IV. Психологиялық дайындық.

- Әрбір адам? Туысым, досым, жұрағат.
- Әрбір сабақ? Үйрену, ұғу, ұлағат.
- Әрбір ісің? Тірлік, тірек, адамдық.
- Әрбір сөзің? Шындық, бірлік, адалдық.

Осыларды есімізде сақтап жүрейік!

V. Ой шақыру.

- Қазақ тілінде неше сөз табы бар?
- Оларды ата.
- 7-сыныпта қандай сөз таптарын өттік?
- Етістік дегеніміз не?
- Етістік құрамына қарай нешеге бөлінеді?
- Етістік тұлғасына қарай нешеге бөлінеді?
- Етістік мағынасына қарай нешеге бөлінеді?

Сонымен, біз бүгін грамматикалық тақырып «Етістікті» қайталаймыз.

VI. Тапсырмалармен жұмыс.

1-тапсырма. Сөйлемдерді толықтыру керек.

I топ.

1. Адам баласы табиғатты .... .
2. Біз бұлақтардың көзін .... .
3. Дизайнер үлгілер .... .

II топ.

1. Су мол болса, астық та мол ... .
2. Табиғаты сақталған халықтар ұзақ өмір ... .

3. Бастық ... .

2-тапсырма.

«Тез ойла, сөз ойла»

I топ

Не?

... қоздайды.

... құлындайды.

... лақтайды.

... бұзаулайды.

II топ

Кім?

... емдейді.

... оқытады.

... ұшады.

... тігеді.

... жазады.

3-тапсырма. Семантикалық карта.

Етістіктер	Дара	Күлделі	Негізгі	Туынды
Баста				
Көріп отыр				
Тарап отыр				
Аяқта				
Үтікте				

Сергіту сәті. «Қоржында не бар?»

4-тапсырма. Синквейн құрастыру.

I топ

Зат есім+ етістік

Зат есім+ етістік+ етістік



Сын есім+ зат есім

II топ

Есімдік+ етістік

Сан есім+ зат есім+етістік

Үстеу + етістік

5-тапсырма: Сөзжұмбақ шешу.

1. Қимылды, іс-әрекетті білдіретін сөз табы.

2. У жұрнағы арқылы жасалып, кимылдың атын білдіретін етістік.

3. Жұрнақсыз жасалатын етістік түрі.

4. Түбір мен сөз, жұрнақ арқылы жасалатын етістік түрін тап.

5. Құрамына қарай екі немесе оданда көп сөзден тұратын етістік түрін ата.

6. Құрамына қарай бір ғана сөзден тұратын етістік түрін ата.

6-тапсырма. Етістіктерді теріп жаз.

Бір аптаның күндері өтті,

Дүйсенбіде гүлдер ектім.

Сейсенбіде жуа тердім,

Сәрсенбіде су әкелдім.

Бейсенбіде бақша баптап,

Жұма күні тақпақ жаттап,

Сенбіде мен кино көріп,

Жексенбіде бір демалдым.

VII. Бекіту.

7-тапсырма:

*Келді, барды* сөздеріне морфологиялық талдау жасау.

VIII. Қорытындылау.

- Біз бүтін сабақта не туралы айттық?

- Ауызекі сөйлескенде қандай етістікті қолданамыз?

IX. Оқушылардың білімін бағалау парағы арқылы қадағалау.

X. Үйге тапсырма: *пайдаланады, күресті* сөздеріне морфологиялық талдау жасау.



Т.МҰҚАШЕВА,

А.С.Макаренко атындағы

№6 жалпы орта білім беретін мектеп.

Орал қаласы.

## ЖАЙ СӨЙЛЕМДІ ҚАЙТАЛАУ

(8-сынып)

### II.Сабақтың мақсаты:

1. Білімділік: Нұрғиса Тілендиевтің өмірбаяны туралы мағлұмат беру, оқушылардың сөздік қорын байыту, мәтін арқылы ауызекі сөйлеу қабілеттерін дамыту. Жай сөйлемді қайталау.

2. Дамытушылық: оқушылардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, тыңдай білу және оймен бөлісу әрекеттерін ұштау, қазақша сауатты сөйлеуге, жазуға, талдауға дағдыландыру.

3. Тәрбиелік: пәнге деген қызығушылықтарын арттыру, өнер адамдарын сүйуге баулу, өнер құдіретін сезінуге үйрету. Атақты адамдарды танып-білуге тәрбиелеу.

**III. Түрі:** жаңа сабақты түсіндіру.

**IV. Сабақтың әдісі:** топпен жұмыс, ойландыру, топтастыру, сұрақ-жауап, сөздік, «бес шумақ» стратегиясы.

**V. Сабақтың көрнекілігі:** тақырып бойынша суреттер, оқулық, үлестірмелі материал, техникалық құрал.

**VI. Сабақтың өту барысы:**

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Амандасу, түгелдеу.

- Сәлеметсіздер ме?

- Бүгін аптаның нешінші күні?

- Қазір жыл мезгілі қандай?

- Қыстың қай айы?

- Бүгін нешесі?

- Сыныпта кім жоқ?

2. Тіл дамыту кезеңі (оқушыларға модуль бойынша сұрақтар қоямын).

- Қандай модульмен таныстық?

- Балалар, қазақ халқының аты аңызға айналған қандай музыка өкілдерін білесіңдер?

- Ол кезде әнді қандай аспаптармен сүйемелдеуші еді?

- Алматыдағы ұлт аспаптар оркестрі кімнің атында?

- Кімдердің домбыралары осы мұражайда сақталған?

II. Үй жұмысын тексеру.

1-топ – Эстрада жұлдыздарын атау.

2-топ – Өнер туралы мақал-мәтел жаттау.

3-топ – Әміре Қашаубаев туралы әңгімелеу.

III. Жаңа сабақ:

**1. Ой шақыру.**

Үнтаспадан «Аққу» күйін тыңдау. Оқушыларға қандай сезім ұялағанын айтқызу. Осы алған әсерлері туралы айтқызу. Күйді тыңдай отырып:

- тазалық;

- пәктік;

- адалдық;

- сұлулық сезімдерді аққудың әсем саңқылымен астасып жатқанын сезіндім.

- Бұл қандай күй екен?

- Авторы кім екен, кім біледі?

- Иә, балалар, бұл күй Нұрғиса Тілендиевтің «Аққу» күйі екен.

**2. Мұғалімнің сөзі.** (Жаңа сабақтың тақырыбын дәптерлеріне жаздырамын, сабақтың мақсатымен таныстырамын.) Интерактивті тақтада слайд.

Сонымен, балалар, біз бүгін тағы бір өнер адамы, сазгер, халық әртісі, күйші – композитор, дирижер, дәулескер домбырашы, Халық қаһарманы, профессор Нұрғиса Атабайұлы Тілендиевтің өмірінен, шығармаларынан мағлұмат аламыз. Нұрғиса Тілендиев 1925 жылы сәуір айының 1-жұлдызында Алматы облысы Іле ауданының Шилікемер ауылында дүниеге келген. Әкесі Атабай – күйші, шешесі ән айтуды жақсы көрген. Нұрғисаның өнерге деген құштарлығына ата – анасының ықпалы тиген десек артық болмас. Ол бес жасынан бастап домбырада ойнап, он екі жасында оркестр құрамында болған. Н.Тілендиев Ұлы отан соғысының ардагері, 1947-1950 жылдары

Алматы мемлекеттік консерваториясында, 1950-1952 жылдары Мәскеу мемлекеттік консерваториясының дирижерлық факультетін бітірген. 1952-1961 жылдары Қазақтың Абай атындағы опера және балет театрында, 1961-1964 жылдары қазақтың Құрманғазы атындағы мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрінде бас дирижер қызметін атқарды. 1968-1981 жылдары «Қазақфильм» киностудиясында музыка редакциясының бас редакторы болып, 1981-1998 жылдары өзі ұйымдастырған «Отырар сазы» фольклорлық этнографиялық ансамблінің көркемдік жағын басқарды. Ол 500-ден астам музыкалық төл туындылардың авторы. Осынау мол мұраның жанрлық аясы да қайран қалдырады: ән, күй, романс, увертюра, поэма, контата, опера, балет, т.б. Ол «Қыз Жібек», «Менің атым Қожа», «Жан сәулем», «Куә бол», «Құстар әні» фильмдерінің, «Алатау» өлеңдерінің әнін жазған.

Еркін төгілген әуен, сымбатты ырғақ, нәзік лиризм, азаматтық пафос Тілендиев шығармаларына тән қасиет.

Нұрғиса Тілендиев 1998 жылы 15-қазанда Алматы облысы Жамбыл ауданында жерленген. Қазір оған арнап көптеген концерттер, шығармашылық кештер, сайыстар өткізіліп тұрады. Ол білімді, ақылды, өнерлі, талантты адам болған.

**3. Сөздік жұмысы.** (Мәтін үлестіремін, өзім оқимын, оқушыларға кезекпен оқыту, түртіп көрсету арқылы таныс емес сөздерді анықтату.)

Дәулескер –

Қаһарман – герой

Құштарлық –

Ықпал –

Мұра –

Қайран қалдыру –

Әуен –

а) Сөздерді жазу, жеке оқушыға оқыту, хормен оқыту, сөз тіркестерін, сөйлемдер құрғызу, синонимін анықтау.

**4. Мәтінмен жұмыс.**

а) мәтінді оқыту;

ә) мәтіннің негізгі ойын анықтау;

б) сұрақтар құрастыру (3 топ әр түрлі сұрақтар құрады);

в) сол сұрақтарға жауап беру.

**5. Грамматикалық тақырып, жай сөйлемді қайталау.**

- жай сөйлем дегеніміз не?

- жай сөйлемнің түрлерін ата.

- әр түрінің ережесін айту, мысалдар келтіру.

- мәтін бойынша жай сөйлем етіп құрып, талдау жасау. (3 топ 3 сөйлемге тақтада, дәптерлеріне.)

**6. «Бес шумақ» стратегиясы бойынша сөз таптарын қайталау.**

1-топ – күй сөзі,

2-топ – қаһарман сөзі,

3-топ – сайыс сөзі.

**7. Топтастыру. (мәтінді бекіту)**

Нұрғиса Тілендиев атамызға мінездеме берейік.

1-топ – ол кім?

2-топ – ол қандай?

3-топ – шығармалары.

### 8. Хронологиялық кесте құру.

1925 жылы –

1947-1950 жылдары –

1950-1952 жылдары –

1952-1961 жылдары –

1961-1964 жылдары –

1968-1981 жылдары –

1981-1998 жылдары –

500-ден астам

1998 жылы –

### IV. Сабақты қорытындылау:

1. Мұғалімнің сөзі.

2. Оқушылардың сөзі.

1-топ – білемін	2-топ – білдім	3-топ – білгім келеді
Өнер туралы, өнер адамдары туралы...	Нұрғиса Тілендиевтің өмірімен, шығармашылығымен таныстым...	Оның шығармаларымен толық танысқым келеді, тыңдағым келеді. Қазақ халқында осындай дарын иесі бар екенін білгім келеді...

### V. Үйге тапсырма:

1. Нұрғиса Тілендиев туралы әңгімелеу.

2. Презентация, хабарлама жасау.

### VI. Бағалау.

Бастауыш білім бағанасы

А.КАДРУШЕВА,

Ұзынкөл жалпы орта мектебі.

Батыс Қазақстан облысы,

Теректі ауданы.

## ЖАЗДА

(3-сынып)

**Мақсаты:** *Грамматикалық тапсырмаларды қайталата отырып, білімдерін тексеру; сөздік қорларын молайту, ауызекі сөйлеуге үйрету; әдептілікке тәрбиелеу.*

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Оргмомент.

Здравствуйте, ребята!

Сәлеметсіздер ме, балалар!

**Эмоциональный настрой.**

Прежде чем красиво сесть

Посмотрите, все ли есть.

- Дети вам тепло? (Да!)

- В классе светло? (Да!)

- Прозвенел звонок? (Да!)

- Уже закончился урок? (Нет!)

- Только начался урок? (Да!)

- Хотите учиться? (Да!)

- Значит можно всем садиться!

**II. Сообщение темы урока.**

- Сегодня у нас необычный урок русского и казахского языка. Сегодня будем работать с самой огнедышащей, самой живой частью речи. (А.Югов)

### III. Фаза вызова интереса.

- Балалар, бүгін кезекші кім? (Элеонора)

- Құрметті оқушылар! Бүгін 18-ақпан, аптаның сейсенбі күні. Бүгін ауа райы, жылы, оңтүстіктен жел соғып тұр. Қар жауып тұр. Балалар, сыртқа шыққанда бастарына малақай, үстеріне күртеме киіндер. Ал, балалар, мен орныма отырайын.

#### Мозговой штурм.

- Какие части речи знаете?

- Что такое глагол?

- Какая синтаксическая роль глагола в предложении?

- Балалар, бір жылда неше мезгіл бар? (4)

- Қазір қай мезгіл? (Қыс)

- Өткен сабақта «Жаз» тақырыбын өттік. Жаз мезгілі сендерге ұнай ма? (Ия)

- Жаз айларын атаңдар? (Маусым, шілде, тамыз)

Составление кластера к слову – Жазда.

ойын ойнаймыз    лагерьге барамыз    демаламыз



### IV. Работа по теме урока.

1. Оформление тетрадей под диктовку с доски.

2. Каллиграфическая минутка. Прописывают буквы Гг, гг

3. Письмо по памяти.

Коля, Поля, Света, Катя, Паша, Варя, Люба, Валя, Сева, Тоня.

**Задание:** Придумайте созвучный глагол к имени.

Маша - машет,

Паша - пашет.

**Отрицательные глаголы. Болымсыз етістік.**

бар – барма

кел – келме

тұр – тұрма

жүрген – жүрген жоқ...

сөйле – сөйлеме

жаз - жазба

- Балалар, қазақ тілінде неше септік бар? (7 есптік)

Атаңдар?

ө, е, з, н («өзен» сөзін құрастыру, есептеу)

ц, в, т, е, о, к. («цветок» просклонять по падежам)

Помогите пастухам решить, у кого из них больше овец.

(Играет, плавает, баран, интересный, малыш, черный, добрый, прыгает, лежит, спит.)

Работа у доски.

Сөздерді аударып, тақтаға жазады, буынға бөледі.

Мысалы: ой - най- ды

**V. Физминутка. «Как живешь?»**

- Как живете?

- Вот так!

- Қалай жүресіңдер?
- Былай!
- Как бежите?
- Вот так!
- Түнде қалай ұйықтайсыңдар?
- Былай!
- Как берете?
- Вот так!
- Қалай бересіңдер?
- Былай!
- Как сидите?
- Вот так!

5) **«Поймай шарик».** Подберите глаголы – антонимы (говорить – молчать, светить – темнеть, зажигать – потушить, давать – брать, радоваться грустить, отдыхать – работать)

6) Работа по карточкам. Семантикалық кесте.

Мысалдар	и.с.	и.п.	Г.
Большой			
Әдемі			
қыздар			
молодой			
отырды			
ұзын			
идет			
зима			

7) Работа с учебником. Текст «Жазда».

А) мәтінді оқу, аудару.

Б) егістікті табу. (не істеді?) орысшаға аудару.

В) орыс тілінде сөйлем құрастыру, қазақшаға аудару.

8) Упражнение 156. Составьте предложения и запишите. Подчеркнуть главные члены предложения. Перевести на казахский язык.

**9) Фонетический разбор глаголов.**

Рисует	жатыр
Строит	пісірді
Печат	салып
	тұр

**Тест Қазақша Орысша**

- |      |      |
|------|------|
| 1. ә | 1. а |
| 2. ә | 2. в |
| 3. а | 3. а |
| 4. ә | 4. а |
| 5. ә | 5. в |

**VI. Итог урока.** \Оқушылар өздері сызбаны толтырады\



- О какой части речи говорили?

- Что вы знаете о глаголе?

Урок закончен. До свидания. Сау болыңдар.

**Н.БЕЙСЕМБАЕВА,**  
**Г.Н.Ковтунов атындағы**  
**№252 орта мектебі.**  
Қызылорда қаласы.

## **ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЛАЛАРЫ**

*(3-сынып)*

### **Сабақтың мақсаты:**

А) білімділік: Қазақстанның қалалары туралы мәлімет беру, берілген мәтінді дұрыс оқуға, түсінуге дағдыландыру, модуль бойынша алған білімдерін кеңейту. Өз ойларын еркін айта білуге үйрету.

Ә) дамытушылық: Жаңа тақырып бойынша байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. Сөздік қорын молайту.

Б) тәрбиелік: Отанына, еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Түрі: саяхат сабағы.

Әдісі: сұрақ-жауап, әңгімелеу, ойын, сөзжұмбақ шешу

Типі: жаңа сабақ

Көрнекілігі: Дара мен Ботидің суреті, сөзжұмбақтар, суреттер, картаның сызбасы, үлестірме парақшалар.

Сабақтың барысы.

### **I. Ұйымдастыру кезеңі.**

Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу, назарын сабаққа аудару.

### **II. Оқушылардың қызығушылығын ояту.**

- Балалар, бүгінгі сабағымыз өткен сабақтардан өзгеше өтеді. Біз саяхатшы Дара және оның досы Ботимен Қазақстан қалаларына саяхат жасаймыз.

- Саяхатқа пойызбен шығамыз. Пойызға отыру үшін үй тапсырмасын тексерейік. 7-тапсырманы тексереміз.

Жаңа сөздерді қаншалықты жаттағандарыңды тексеру үшін Ботидің жұлдызшаларындағы сұрақтарға жауап берейік.

- Рахмет, жарайсыңдар! Үй тапсырмасын да, жаңа сөздерді де жақсы орындап келіпсіңдер. Пойызға отыруға рұқсат. Ал енді пойызға Дарамен бірге отырайық, пойызбен бірге қимылдаймыз. Алға!

- Мынау, балалар, саяхат бағыты. Шиелі ауданынан шығып, Шымкент, Жамбыл, Алматы, Қызылорда, Қарағанды, Елордамыз Астана қаласына дейін жетуіміз керек. Дара Астана қаласын көргісі келеді екен.

- Әр қаланың бізге тапсырмасы бар екен. Тапсырмаларға дұрыс жауап берген әрбір оқушыға жұлдызшалар беріліп отырады. Дараға көмек беру үшін тапсырмаларды бірге орындайық.

### III. Жаңа сабақ.

Сөздік: облыс – область;

ата (глагол) – назови.

**1-бағыт бойынша Шымкент қаласына** бару керек. Шымкент қаласына бару үшін мына тапсырманы орындаймыз.

**1-тапсырма.** Қазақстанның қалаларын дәптерге жаз. Әр қаланы әр оқушы тақтаға шығып жазып, Қазақстанның картасын (мозайка) жасап шығарып, әр қаланың байлығы туралы қысқаша айтып кетуі керек.

#### **2-бағыт. Жамбыл қаласы.**

**2-тапсырма.** Оқы, біл, аудар.

Тақырып бойынша берілген мәтін бойынша жұмыс жасау. Әр оқушыға көмек беру. Жаңа сөздермен жұмыс ұйымдастыру.

**3-бағыт. Алматы қаласы. 3-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер. Тапсырманы айтылым әрекетімен бастап, жазылым әрекетімен аяқтау

#### **4-бағыт. Қызылорда қаласы.**

**4-тапсырма.** «Кел, ойнайық! Кел, ойлайық!».


**5-бағыт. Қарағанды қаласы. 5-тапсырма.** «Ойлан, тап!». Толықтырып, қалалардың атын ата.

(Белый)+тау (Красный)+орда (Черный)+ғанды  
(Белый)+төбе (Яблоко)+ты

#### **6-бағыт. Астана қаласы.**

**6-тапсырма.** Сөзжұмбақты ойланып шеш.

### «Қалалар» сөзжұмбағы



- Міне, біз Қазақстанның елордасы Астана қаласына келіп жеттік.

- Дарамен бірге тапсырмаларды дұрыс орындау барысында Астана қаласына да келдік.

- Балалар, сендер Астана туралы не білесіңдер?

- Кім Астана туралы өлең біледі?

- Кім Астанада болды?

- Сонымен саяхатымыз сендерге ұнады ма?

- Несімен ұнады?

- Осы саяхат барысында кім қанша жұлдызша жинады? Соны есептейік.

Бағалау.

Үй тапсырмасы.

«Менің сүйікті қалам» тақырыбына қысқаша мәтін құрап келу.



**Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –  
Казахский язык и литература в русской школе” –**  
ай сайын шығатын республикалық  
ғылыми-педагогикалық журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:**

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді. **Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№1402-Ж Қуәлігі** берілген.

Басуға 05.06.2015 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 830. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

**Электрондық пошта:** Kazulagat@mail.ru

**Журнал сайты:** www.kazhu.kz

**Басылатын жері** – ЖК Асубаев С.Ш.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -  
Казахский язык и литература в русской школе»,  
№7, 2015 ж., 144 бет, Алматы.